Шаш — волосы; **жұқа шаш** тонкие волосы; **қалың шаш** густые волосы; **ұзын шаш** длинные волосы; **қысқа шаш** короткие волосы; **қара шаш** черные волосы; ♦ **шаш жетпеу/шаштан көп/** очень много без счета; **шаш ал десе бас алу** перегибать палку в чем-либо.

Шынашақ — мизинец.

Шынтақ — локоть; **шынтағымды ұрып алдым** ударился локтем.

Іш — живот; **ішім ауырып тұр** болит живот; ♦ **іш тарту** проявлять теплые чувства к кому-либо, относиться с сочувствием; **іштен тыну** переживать; **іші жарыла жаздау** лопаться от зависти; **іші жылу** потеплеть на душе, на сердце, тепло относиться к кому-либо; **прийтись по душе**.

Ішке дем тарту — вдох; **ішке қарай қатты дем тарту** сделать глубокий вдох.

15. АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ. ЗДОРОВЬЕ ЧЕЛОВЕКА

Айырылу — терять; **денсаулықтан айрылу** потерять здоровье; **көзімнен айрылдым** потерял/а/ зрение.

Аурулық қағаз — больничный лист; **аурулық қағаз ашқызу** открыть больничный лист.

Ауру — 1) болезнь; **қатты ауру** тяжелая болезнь; **жұқпалы**

ауру заразная болезнь; **көз ауру** глазная болезнь;

2) боль; **бас ауру** головная боль;

3) больной; **ауру жүрек** больное сердце; **ауру аяқ** больная нога;

4) **ауруды қарап тексеру** смотреть больного; **дәрігер ауруға келді** врач пришел к больному.

Аурухана — больница; **қалалық аурухана** городская больница;

ауруханада емделді лечился/лечилась в больнице; **ауруханаға жатты** лег/легла/ в больницу; **ауруханадан шықты** вышел/

вышла/ из больницы; **ертең сізді ауруханадан шығарады**

завтра вас выпишут из больницы.

Ауыру — 1) болеть; **тұмау тиіп ауыру** болеть гриппом; **бала ауырып жатыр** ребенок болеет; **апа, ауырмаңыз** мама, не болейте;

2) болеть /об органе/; **қолым ауырады** рука болит; **тісім ауырды** зубы болят; **менің асқазаным ауырады** у меня болит желудок.

Дәрі — лекарство; **жөтел дәрісі** лекарство от кашля; **дәрі қабылдау** принимать лекарство; **дәрі белгілеу** назначить лекарство; **бас ауруды басатын дәрі беріңізші** дайте мне, пожалуйста, лекарство от головной боли; **мына дәріні қалай ішуім керек?** как принимать это лекарство?

Дәрігер — врач; **тіс дәрігері** зубной врач; **бас дәрігер** главврач; **дәрігерге бару** обратиться к врачу; **дәрігерге барыңыз** идите к врачу; **дәрігерді шақырыңызшы** позовите, пожалуйста, врача; **дәрігер Ержанов бүгін қабылдай ма?** врач Ержанов сегодня принимает?

Дәріхана — аптека; **дәріханаға бару** идти в аптеку; **дәріханадан бинт, мақта әкелу** принести бинт, вату из аптеки; **ең жақын дәріхана қай жерде?** где ближайшая аптека?

Денсаулық — здоровье; **күшті денсаулық** крепкое здоровье; **денсаулығым нашар** у меня слабое здоровье; **денсаулығыңыз қалай?** как ваше здоровье?; ♦ **денсаулық — зор байлық** здоровье — огромное богатство.

Ем — средство для лечения; **ем қону** оказать благоприятное влияние /о лекарстве/; ♦ **ауруға ем, сауға қуат, дәрі қымыз/ Жамбыл/** для больного — исцелитель, для здорового — энергия, ты — лекарство, кумыс /Жамбыл/.

Емделу I — лечиться; **емделу керек** надо лечиться; **ауруханада емделу** лечиться в больнице; **ол емделіп жүр он/она/** лечится.

Емделу II — лечение; **емханаға келіп емделу** амбулаторное лечение; **ауруханаға жатып емделу** стационарное лечение.

Емдеу — лечить; **тісті емдеу** лечить зубы; **баланы емдеу** лечить ребенка; **дәрімен емдеу** лечить лекарством; **жөтелден емдеу** лечить от кашля.

Емхана — поликлиника; **қалалық емхана** городская поликлиника; **емханаға бару** пойти в поликлинику; **емханаға бардың ба?** ты ходил/а/ в поликлинику?

Жазу — писать; **рецепт жазып беру** выписать рецепт; **сізге рецепт жазып берейін бе?** вам выписать рецепт?; **маған қан анализіне жолдама жазыңызшы** выпишите мне, пожалуйста, направление на анализ крови.

Жазылу – выздоравливать; **ол ауруынан жазылды он/она/**
выздоровел/а/.

Жедел жәрдем – скорая помощь; **жедел жәрдем шақыру керек**
надо вызвать скорую помощь.

Жөтел – кашель; **құрғақ жөтел** сухой кашель; **жөтел тию**
схватить кашель; **жөтел дәрісі** лекарство от кашля; **жөтеліңіз**
бар ма? у вас есть кашель? **жөтелім жоқ** кашля нет; **жөтелім**
бар кашель есть.

Жөтелу – кашлять; **қатты жөтеледі** сильно кашляет; **жөтелуді**
қойды перестал кашлять; **жөтелесіз бе?** вы кашляете? **мен**
қатты жөтелем я сильно кашляю.

Керең – глухой; **керең кемпір** глухая старуха; **керең болып**
қалу стать глухим.

Қақсау – ноющая боль; **тіс қақсау** зубная боль.

Қарау – осматривать; **ауруды қарау** осматривать больного.

Қою – ставить; **диагноз қою** ставить диагноз; **қыша тартып**
қою ставить горчичники.

Құсу – рвать; **мен құстым** меня вырвало; **ол құсты** его вырвало;
құстыңыз ба? вас вырвало?

Қызу – температура; **аурудың қызуы бар** у больного температу-
ра; **қызуын өлшедің бе?** ты измерил/а/ температуру?

Май – мазь, масло; **Вишневский майы** мазь Вишневского;
қызыл май красное масло; **ақ сынап майы** мазь ртутная белая;
күкіртті жай май мазь серная простая.

Медбике – медсестра; **медбике қайда?** где медсестра?; **медбикеге**
айтыңызшы скажите, пожалуйста, медсестре.

Науқас – 1) болезнь; 2) больной, болезненный.

Науқастану – болеть, нездоровиться; **науқастанып отырмын**
мне нездоровится; **ол таңертеңнен науқастанып отыр** ему/
ей/ с утра нездоровится.

Операция – операция; **операция жасау** делать операцию;
операциядан кейін после операции; **операцияны қашан жасай-**
сыз? когда вы будете делать операцию?

Өлшеу – измерять; **қызуын өлшедім** я измерил/а/ температуру;
қан қысымын өлшейін измерю давление.

Салу – ставить; **ауруға банка салу** ставить больному банки;
компресс салу ставить компресс; **маған өпкем банка салды**
сестра мне поставила банки.

Саңырау – глухой; **саңырау адам** глухой человек.

Сау – здоровый; **дені сау бала** здоровый ребенок; **дені сау**

физически здоров; ♦ **сау бол!** будь здоров!; **аман сау** здоров и невредим; **сау қалсам** если /я/ останусь живым.

Сезу — чувствовать; **аяғының ауруын сезу** чувствовать боль в ноге; **өзінің ауру екенін сезу** чувствовать себя больным; **өзін күндегіден тәуірірек сезіну** чувствовать себя лучше.

Соқыр — слепой; **соқыр шал** слепой старик; **соқыр болып қалу** стать слепым; **соқыр ішек** слепая кишка; ♦ **соқыр тиыны жоқ** ни гроша за душой; **соқыр тауыққа бәрі бидай** слепой курице во всем видятся зерна пшеницы.

Суық тию I — простудиться; **маған суық тиді** я простудился/ простудилась/; **оған жолда суық қатты тиді** он/она/сильно простудился/ простудилась/ в дороге.

Суық тию II — простуда; **қатты суық тию** сильная простуда; **суық тию** схватить простуду.

Таблетка — таблетка; **екі таблетка** две таблетки; **таблетка жұту** проглотить таблетку; **“С” витаминді бір таблеткадан күніне үш рет қабылдаңыз** принимайте витамин “С” по одной таблетке три раза в день.

Тамшы дәрі — капли; **мына дәріні 20 тамшыдан күніне үш рет ішіңіз** это лекарство надо принимать по 20 капель три раза в день.

Таңу — перевязывать; **жараны таңу** перевязывать рану; **қолын бинтпен таңу** перевязать руку бинтом.

Тәбет — аппетит; **тәбетім жоқ** нет аппетита; **тәбетіңіз қалай?** какой у вас аппетит?; **соңғы кезде асқа тәбетім жоқ** в последнее время у меня нет аппетита; ♦ **тәбеті тартпау** нет аппетита, нет желания.

Термометр — термометр; **ауруға термометр қою** поставит термометр больному; **термометр беріңізші** дайте, пожалуйста, термометр.

Тұмау — насморк, грипп; **жеңіл тұмау** легкий насморк; **бойға сіңген тұмау** хронический насморк; **тұмаудан емделу** лечиться от насморка; **ағам тұмау тиіп ауырып жатыр** брат заболел гриппом.

Тұнба — настойка; **жусан тұнбасы** настойка полыни; **валерьян тұнбасы** настойка валерьяны.

Түшкіру — чихать; **мен тұмаураттым, жөтелем, түшкірем** у меня насморк, кашляю, чихаю; **ол түшкірді** он/она/чихнул/а/.

Тыңдау — слушать; **ауруды тыңдау** слушать больного; **жей-**

деңізді шешіңіз, өкпеңізді тыңдайын снимите рубашку, послушаю легкие.

Ұнтақ — порошок.

Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки.

Денсаулық — зор байлық. — Здоровье — клад бесценный.

Тәні саудың жаны сау. — В здоровом теле — здоровый дух.

Денің сау болса, жарлымын деме; жолдасың көп болса, жалғызбын деме. — Когда здоров, не говори о нужде; когда друзей много, не говори об одиночестве.

Қай жерің ауырса, жаның сол жеріңде. — Душа там, где болит.

Аурудың жақсысы жоқ, дәрінің тәттісі жоқ. — Как нет сладкого лекарства, так и нет приятной болезни.

Бас аманда мал тәтті, бас ауырса жан тәтті. — Пока здоров — дорого добро, заболеешь — жизнь дорога.

Тумақ бар да өлмек бар. — Где жизнь, там и смерть.

16. ТАЗАЛЫҚ, ГИГИЕНА

Аяқ киім майы — крем для обуви.

Әтір — одеколон; әтір иісі запах одеколону; сіздерде әтір бар ма? у вас есть одеколон? сізге қандай әтір керек? вам какой одеколон нужен?

Беторамал — носовой платок; таза беторамал чистый носовой платок; беторамалмен сүрту вытереть носовым платком.

Буға шабыну — париться; мен буға шабындым я попарился/попарилась; буға шабынасыз ба? вы будете париться?

Душ — душ; ыстық душ горячий душ; душқа түсу принять душ; мен душқа түстім я принял/а/ душ; көке, душқа түсесіз бе? папа, вы примете душ?

Жөке — мочалка; жөкемен жуу мыть мочалкой.

Жуыну — мыться, умываться; салқын сумен жуынады умывается холодной водой; ол жуынды он умылся/она умылась; сен жуындың ба? ты умылся/умылась? мен тез жуындым я быстро умылся/умылась.

Жуу — мыть; қол жуу мыть руки; сабынмен жуу мыть руки с мылом; ол қолын жуып жатыр он/она/ моет руки; ол аяғын жуды он/она вымыл/а/ ноги; қолыңды жу вымой руки.

Иіс май — крем; **қолға жағатын иіс май** крем для рук.

Кір — грязный; **кір көйлек** грязное платье; **кір жейде** грязная рубашка; **орамал кір** платок грязный; **шалбарың кір ғой** у тебя же грязные брюки; **қолың кір** у тебя грязные руки.

Кір жуатын машина — стиральная машина.

Қайшы — ножницы; **қайшы қайда екен?** где ножницы?

Қыру — брить; **сақал қыру** брить бороду.

Қырыну — бриться; **әкем қырынып жатыр** папа бреется; **ол қырынды он побрился**; **ол қырынбады он не побрился**; **әрдайым қырынып жүреді он** аккуратно бреется.

Монша — баня; **қалалық монша** городская баня; **моншада жуыну** мыться в бане; **моншаға бардық** мы ходили в баню; **моншадан шықтық** вышли из бани; **моншада болдыңыз ба?** вы были в бане?; **біз моншада болдық** мы были в бане.

Сабын — мыло; **балалар сабыны** детское мыло; **иіс сабын** туалетное мыло; **кір сабын** хозяйственное мыло; **қолды сабынмен жуу** мыть руки с мылом; **қолды сабынсыз жуу** мыть руки без мыла.

Сүлгі — полотенце; **таза сүлгі** чистое полотенце; **кір сүлгі** грязное полотенце; **сүлгімен сурту** вытереть полотенцем; **сүлгі жоқ** нет полотенца; **таза сүлгі беріңізші** дайте, пожалуйста, чистое полотенце.

Таза — чистый; **таза бөлме** чистая комната; **таза ыдыс** чистая посуда; **қолы таза** чистые руки; **қолың таза ма?** у тебя чистые руки?; **қолым таза** у меня руки чистые.

Тазалау — чистить; **аяқ киімді тазалау** чистить обувь; **ыдысты тазалау** чистить посуду.

Тазалық — чистота.

Тарақ — расческа; **жаңа тарақ** новая расческа; **әдемі тарақ** красивая расческа; **тарақпен тарау** расчесывать расческой; **тарақ сатып алдым** я купил/а расческу; **мына тарақты көрсетіңізші** покажите, пожалуйста, расческу.

Тарану — причесываться; **ол таранып жатыр он/она/** причесывается; **таранасың ба?** ты причешишься?

Тарау — расчесывать; **шаш тарау** расчесывать волосы; **шашыңды тара** расчеши волосы; **ол шашын тарады он/она/** расчесал/а/ волосы.

Тырнақ алу — стричь ногти; **тырнағыңды алдың ба?** ты постриг/ла/ ногти?

Тіс пастасы — зубная паста; **тіс пастасы таусылды** зубная паста

кончилась; сіздерде тіс пастасы бар ма? у вас есть зубная паста?; тіс пастасы бар зубная паста есть.

Тіс щеткасы — зубная щетка; жаңа тіс щеткасы новая зубная щетка; бұл менің тіс щеткама это моя зубная щетка.

Ұстара — бритва; қауіпсіз ұстара безопасная бритва.

Үтік — утюг; жаңа үтік новый утюг.

Үтіктеу — утюжить, гладить; шалбарын үтіктеу гладить брюки.

Шаш алдыру — стричься; шаш алғызайын деп едім я хочу постричься; шашыңызды алдырасыз ба? вы хотите постричься?

Шаштараз — парикмахерская; бұл араның шаштаразы қайда? где находится парикмахерская?; бұл шаштараз ба? это парикмахерская?

Шаш қырқу — стричь; шашыңызды қалай қырқайын? как вас постричь?; шашыңызды қырықтыңыз ба? вы постриглись?; мен шашымды қырықтым я постриг/ла/ волосы.

Ішкі киім — белье/нижнее/; таза ішкі киім чистое белье; кір ішкі киім грязное белье.

Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки.

Ластың досы — шыбын. — Муха — друг неряхи.

Тазалық — саулық негізі, саулық — байлық негізі. — Чистота — залог здоровья, здоровье — основа богатства.

17. СЫРТ ПІШІН. ВНЕШНИЙ ВИД

Ақсары — бледнолицый; блондин; ақсары қыз блондинка.

Арық — худой; арық адам худой человек; ол арық он худой / она худая; ол арық емес он не худой/она не худая.

Ауыз — рот; аузы үлкен большой рот; аузы қисық кривой рот;
♦ оймақ ауыз маленький ротик.

Әжім — морщина; қатпарлы әжім глубокие морщины; әжім басқан покрытый морщинами; әжімсіз без морщин; бетінде әжім жоқ лицо без морщин.

Бас — голова; үлкен/кішкентай бас большая/маленькая голова; домалақ бас круглая голова; оның басы сопақ у него/нее/ овальная голова; ♦ басы аман, бауыры бүтін счастливая, безмятежная жизнь; жить припеваючи.

Бет — лицо; дөңгелек бет круглое лицо; сопақ бет овальное

лицо; бет әлпеті әдемі красивые черты лица; бет әлпеті сүйкімсіз черты лица неприятные; оның беті секпіл у нее лицо в веснушках; ♦ беттің қызылы, шаштың ұзынында в расцвете лет, в молодые годы, в молодости; бетінен қаны тамған кровь с молоком, с румянцем, цветущий; бетінен жарылқасын! пусть сопутствует тебе счастье!

Бой — рост; бойы ұзын высокого роста; бойы аласа маленького, низкого роста; бойы ортадан жоғары выше среднего роста; орта бойлы қыз девушка среднего роста; ұзын бойлы жас жігіт юноша высокого роста; менің алдымда аласа бойлы еркек тұрған впереди меня стоял мужчина маленького роста.

Бұрым — коса; бір бұрым одна коса; екі бұрым две косы; шашты екі бұрым етіп өру заплести волосы в две косы; ұзын бұрым длинная коса; оның бұрымы бар она носит косу.

Дене — тело.

Денелі — рослый, крупный; денелі адам рослый человек.

Дене бітімі — фигура; дене бітіміңіз әдемі у вас красивая фигура.

Ерін — губы; жұқа/дүрдек ерін тонкие/толстые губы; салпы ерін отвислые губы; ерні жұқа у нее/него тонкие губы; ♦ ернін шүйіру скривить губы, усмехнуться.

Жақ — щека; жақтары солған впалые щеки; жаққа салып жіберу ударить по щеке.

Иек — подбородок.

Келбет — внешность; келбетті красивая внешность; келбетсіз невзрачная внешность; келбетті кісі представительный человек.

Көз — глаза; қара/көк/қой көз черные/голубые/серые глаза; қыли көз косые глаза; оң/сол көз правый/левый глаз; көздің ағы белки глаз; көз жұму закрыть глаза; сіздің көзіңіз әдемі у вас красивые глаза; ♦ көзбен ату смотреть волком; көздің жауын алу глаза разбегаются; көзі ашылу становится грамотным.

Кірпік — ресницы; кірпігі ұзын/қысқа длинные/короткие ресницы; кірпігің ұзын у тебя длинные ресницы.

Қараторы — смуглый; қараторы жігіт брюнет; қараторы қыз брюнетка; менің әпкем қараторы моя сестра брюнетка.

Қас — бровь; қара қас черные брови; қалың қас густые брови; ♦ қас пен көздің арасында в мгновение ока.

Маңдай — лоб; кең маңдай широкий лоб; маңдайы жазық

открытый лоб; **мандайыңыз** у вас открытый лоб; ♦ **мандайға жазған** на роду написано; **мандай терін төгу** в поту лица; **мандайына біткен** единственное богатство.

Мұрт — усы; **қара мұрт** черные усы; **мұрты бар** с усами; **мұрты жоқ** без усов; **қысқа мұрт жіберген** он носит короткие усы; ♦ **мұрттай ұшу** упасть как подкошенный, валиться с ног; **мұртынан күлу** усмехаться из-под усов.

Мұртты — усатый; **мұртты еркек** усатый мужчина.

Мұрын — нос; **қыр/пұшық/таңқы мұрын** прямой/курносый/вздернутый нос; **қыр мұрынды жігіт** парень с прямым носом.

Сақал — борода; **ұзын/қысқа сақал** длинная/короткая борода; **қара сақал** черная борода; **сақал алғызу** постричь бороду; **сақалынан ұстап тұру** держать за бороду; **сақалын өсірген** отпустил бороду; **ұзын сақалды адам** человек с длинной бородой.

Сақалды — бородатый; **сақалды еркек** бородатый мужчина.

Сақалсыз — безбородый; **сақалсыз еркек** безбородый мужчина.

Толық — полный; **толық адам** полный человек; **толық әйел** полная женщина.

Тіс — зуб; **тісі түзу/қисық** у него/нее/ ровные/кривые зубы; **тістерің әдемі** у тебя красивые зубы.

Шаш — волосы; **қара/ақ шаш** черные/седые волосы; **ұзын/қысқа шаш** длинные/короткие волосы; **бұйра шаш** кудрявые волосы; **шашыңыз құрғақ** у вас сухие волосы; **шашымды бояйын деп едім** я хочу покрасить волосы; **олардың шашы ұзын** у них длинные волосы.

18. АДАМНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ. ХАРАКТЕР

Адал — честный, справедливый; **адал адам** честный человек; **адал еңбек** честный труд.

Адам — человек; **жақсы адам** хороший человек; ♦ **адам баласы** человечество; **адам қылу** вывести в люди, сделать человеком; **адам сияқты** по-человечески.

Адамгершілік — человеколюбие, человечность, гуманность.

Адамзат — человечество, люди.

Айқындама — позиция.

Ақылды — умный; **ақылды қыз** умная девочка.

Ақылсыз — глупый, бестолковый; **ақылсыз адам** глупый человек.

- Ақымақ** — глупый, дурак; **ол ақымақ емес он не дурак**; ♦ **ақымақ бас аяққа тыныштық бермес** дурная голова ногам покоя не дает.
- Амандасу** — здороваться; **қол алысып амандасу** здороваться за руку; **ол сізбен амандасты ма? он/она/ с вами поздоровался/поздоровалась?**
- Аңқау** — наивный; **ол өте аңқау адам он/она/ очень наивный человек.**
- Аңқылдақ** — простодушный; **аңқылдақ адам** простодушный человек.
- Арам** — нечестный, недобрый, нечистый; **арам ой** злой умысел; **оның іші арам** у него недобрые намерения, мысли; ♦ **арамтамақ** тунеядец, паразит.
- Арамдық** — нечестность, злонамеренность; **арамдық жасау** поступать нечестно; **бұл кісі арамдық жасады** этот человек поступил нечестно.
- Атақ бейнесі** — имидж.
- Ашуланшақ** — обидчивый, раздражительный; **мен ашуланшақ адаммын** я очень обидчивый человек.
- Әдепсіз** — невоспитанный; **әдепсіз жігіт** невоспитанный юноша.
- Әдепті** — воспитанный; **әдепті қыз** воспитанная девушка.
- Әдет** — привычка; **бұл — жақсы әдет** это — хорошая привычка.
- Әділ** — справедливый, объективный; **әділ адам** справедливый человек.
- Әділетсіз** — несправедливый.
- Байсалды** — спокойный, серьезный; **ол — өте байсалды кісі он/она/ — очень спокойный человек.**
- Бас изеу** — кивать головой.
- Батыл** — смелый, отважный, бесстрашный; **ешнәрседен қорықпайтын, батыл адам** бесстрашный, смелый человек.
- Батыр** — герой; **нағыз ер** настоящий герой; **батыр туралы әңгімелесу** беседовать о герое; ♦ **халық батыры** народный герой.
- Батырлық** — героизм; **батырлық көрсету** проявить героизм.
- Бауырмал** — добрый, отзывчивый; **бауырмал адам** отзывчивый человек; **менің жолдасым бауырмал** у меня отзывчивый друг.
- Белсенді** — инициативный, активный.
- Бұзу** — нарушать; **тәртіпті бұзу** нарушать порядок; **заңды бұзу** нарушать закон; **тыныштықты бұзу** нарушать молчание.

Білімді — образованный; **білімді кісі** образованный человек.
Білімсіз — невежда.
Екі жүзді — двуличный; **екі жүзді әйел** двуличная женщина.
Еңбекқор — трудолюбивый; **менің әкем еңбекқор адам** мой отец трудолюбивый человек.
Ер I — герой, богатырь, храбрый; **ер жігіт** храбрый парень; **ер жүректі адам** храбрый человек; ♦ **ердің құны, нардың пұлы** герою цены нет.
Ер II — мужчина; **орта жастағы ер адам** мужчина средних лет.
Ерлік — подвиг, героизм; **еңбектегі ерлік** трудовой подвиг; **ерлік істеу** совершить подвиг.
Еріншек — лентяй; **еріншек болма!** не будь ленивым!
Жақсы — хороший, добрый; хорошо; **жақсы кісі** хороший человек; **жақсы қыз** хорошая девочка; **жақсы оқиды** хорошо учится; ♦ **жақсы сөз — жарым ырыс** доброе слово — уже полсчастья.
Жақсылық — доброта; **жақсылық ету** сделать добро.
Жалқау — ленивый, лодырь; **жалқау бала** ленивый ребенок; **жалқау оқушы** ленивый ученик/ленивая ученица; ♦ **жалқау жатып бұйырады** лентяй любит лежа командовать.
Жалқаулану — лениться; **жалқауланба!** не ленись!
Жалқаулық — лень, склонность к лени.
Жаман — плохой, скверный; **жаман адам** плохой человек; **жаман қылық** плохой поступок; ♦ **жаман айтпай жақсы жоқ** мало ли что может случиться, не ровен час.
Жамандау — плохо отзываться о ком-либо; **олар сізді жамандады** они плохо отзывались о вас.
Жамандық — зло/*все отрицательное*/; **оған жамандық жасама** не делай ей/ему/ зла.
Жасқаншақ — нерешительный; боязливый.
Жауапсыз — безответственный; **ол — жауапсыз адам он — безответственный человек.**
Жауыз — злой, коварный.
Жомарт — щедрый; **жомарт адам** щедрый человек; ♦ **жомарт бергенін айтпас, ер айтқаннан қайтпас** /*букв.*/ щедрый никогда не укоряет, что он давал, настоящий человек всегда держит свое слово.
Жуас — кроткий; **жуас бала** кроткий ребенок.
Жүрек — сердце; **ақ жүрек** доброе сердце, мягкосердечный; **қара жүрек** подлый, мерзкий.

Жүрексіз – трусливый, несмелый.
Жүректі – смелый, мужественный, храбрый, отважный.
Жүректілік – смелость, храбрость, мужественность.
Жігерлі – энергичный, настойчивый.
Жігерлілік – энергичность, настойчивость.
Зерек – способный.
Кемеңгер – мудрый, гениальный.
Кешіру – прощать; **кешіріңіз мені** простите меня; **кешіріңіз, менің ойым басқаша** простите, я думаю иначе.
Кешірім сұрау – извиняться; **ол кешірім сұрады ма?** он/она/ попросил/а/ прощения?; **ол кешірім сұрады он/она/** извинился/извинилась.
Көңіл – внимание; настроение; **көңіл бөлу** уделять внимание; **көңіл көтеру** поднять настроение; **ақ көңіл адам** добродушный человек.
Көңілдену – быть в хорошем настроении, повеселеть.
Көңілсіз – невеселый, грустный.
Көңілді – веселый, радостный; **көңілді адам** веселый человек.
Көргенді – воспитанный, учтивый; **көргенді бала** воспитанный мальчик.
Көргенділік – учтивость, благовоспитанность.
Көргенсіз – невоспитанный, грубый; **көргенсіз бала** невоспитанный ребенок.
Көргенсіздік – невоспитанность, грубость.
Кішіпейіл – скромный, учтивый, обходительный; **кішіпейіл адам** скромный человек.
Кішіпейілділік – скромность, учтивость.
Қайсар – настойчивый; **қайсар жігіт** настойчивый парень.
Қайырымды – добрый; **қайырымды адам** добрый человек.
Қарапайым – скромный, простой; **қарапайым кісі** скромный человек.
Қатал – строгий; **қатал мұғалім** строгий учитель.
Қатыгез – жестокий; **қатыгез адам** жестокий человек.
Қорқақ – трусливый; трус; ♦ **қорыққанға қос көрінер** у труса в глазах двоится.
Қоштасу – прощаться; **достармен қоштасу** прощаться с друзьями; **мен сізбен қоштасқалы келдім** я пришел с вами проститься.
Қу – хитрый; **қу адам** хитрый человек.
Құттықтау – поздравлять; **құттықтаймын сізді** поздравляю вас.

Қушақтау – обнимать; кездескенде қушақтау обнять при встрече; достар қушақтасты друзья обнялись.

Қызба – вспыльчивый, горячий; қызба адам горячий человек.

Қызғаншақ – ревнивый, завистливый.

Қылмыс – преступление; мемлекеттік қылмыс государственное преступление; қылмыс жасау совершить преступление; қылмыстың үстінен түсу поймать на месте преступления.

Қылық – поступок; келіссіз қылық некрасивый поступок.

Қырсық – упрямый; қырсық қыз упрямая девушка.

Мақтаншақ – хвастливый; мақтаншақ бала хвастливый мальчик.

Мәдениетсіз – некультурный; мәдениетсіз жігіт некультурный юноша.

Мәдениетгі – культурный; мәдениетгі адам культурный человек.

Мейірімді – человечный, гуманный.

Менменшіл – самолюбивый; менменшіл кісі самолюбивый человек.

Момын – застенчивый, робкий; момын қыз бала застенчивая девочка.

Мінез – характер; мінезі ауыр адам неуравновешенный человек, с тяжелым характером; мінезі жеңіл адам легкомысленный человек; мінезі жаман адам человек с плохим характером; мінез ерекшелігі особенности характера; мінез көрсету показывать характер.

Мінез-құлық – поведение; оның мінез-құлқы его/ее поведение; мінез-құлық ережелері нормы поведения.

Ойсыз – бездумный; ойсыз адам бездумный человек.

Оңбаған – непорядочный.

Өнеге – пример; өнеге көрсету показывать пример; ол жақсы өнеге көрсетті он/она/ показал/а/ хороший пример.

Өнегелі – примерный; өнегелі отбасы примерная семья.

Өтірікші – лгун; ♦ өтірікшінің айғағы қасында у лгуна свидетель рядом.

Парасат – разум, интеллект; парасатпен ойлап істеу делать с умом.

Пысық – живой, шустрый; пысық бала шустрый ребенок.

Салақ – неряшливый, неряха; ол салақ адам он/она/ – неряха.

Салмақты – уравновешенный, серьезный; салмақты кісі уравновешенный человек.

- Санасыз** – несознательный; **санасыз оқушы** несознательный ученик.
- Сараң** – жадный; **сараң адам** жадный человек.
- Сауатты** – грамотный; **сауатты кісі** грамотный человек.
- Сауатсыз** – неграмотный, невежда; **ол сауатсыз адам он/она** – безграмотный человек.
- Сенгіш** – доверчивый; **мен сенгіш адаммын я** – доверчивый человек.
- Сенімсіз** – ненадежный, не заслуживает доверия.
- Сенімді** – верный, надежный.
- Сөзшең** – разговорчивый.
- Сүю** – целовать; **баланы сүю** целовать ребенка; **әкесін сүйді** поцеловал/а/ отца.
- Талапты** – старательный, имеющий стремление, инициативный.
- Талапсыз** – безынициативный, не стремящийся к чему-либо.
- Тәкаппар** – гордый; **тәкаппар кісі** гордый человек.
- Тәрбие** – воспитание; **дене шынықтыру тәрбиесі** физическое воспитание; **тәрбиесі жақсы** хорошее воспитание; **баланың тәрбиесі жаман емес** у мальчика неплохое воспитание.
- Тәрбиелену** – воспитываться.
- Тәрбиелі** – воспитанный; **тәрбиелі бала** воспитанный ребенок.
- Тәрбиесіз** – невоспитанный; **тәрбиесіз бала** невоспитанный ребенок.
- Тәртіп** – поведение; **тәртібі жақсы/жаман** хорошее/плохое поведение; **тәртібі жақсы қыз** дисциплинированная девочка.
- Тәртіпті** – дисциплинированный; **тәртіпсіз** недисциплинированный.
- Тұрпайы** – грубый; грубо; **тұрпайы сөздер** грубые слова; **тұрпайы жауап беру** грубо отвечать.
- Ұқыпты** – аккуратный.
- Ұшқалақ** – легкомысленный.
- Ұят** – стыд; стыдно; **сізге ұят емес пе?** не стыдно ли вам?; **ұяты жоқ адам** человек без стыда, без совести.
- Ұятсыз** – бессовестный, бесстыдный.
- Үлгі** – пример; **үлгі болу** служить примером; **үлгі алу** брать пример; ♦ **үлгі көрген/бала/** воспитанный.
- Шыдамды** – терпеливый.
- Шығарып салу** – провожать; **конақтарды шығарып салу** проводить гостей; **ол шешесін шығарып салды** он провождал/а мать.

Ынталы — прилежный.

Іс — поступок; адал іс честный поступок.

Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки.

Адам тастан қатты, гүлден нәзік. — Человек крепче камня и нежнее цветка.

Ерінбеген арыстанның аузындағысын алады. — Тот, кто не ленится, из пасти льва добычу достанет.

Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады. — Если будешь говорить приветливо, то даже змея из норы выползет.

Қолы ашықтың жолы ашық. — Щедрому дорога всегда открыта (за добро — добро).

Ұлық болсаң, кішік бол. — Если велик — будь скромн.

Қайта кірер есікті қатты жаппа. — Не хлопай дверью того дома, куда ты снова вернешься.

Атаның баласы болма, адамның баласы бол. — Не будь сыном только своего отца, будь сыном человека.

Таспен ұрғанды, аспен ұр. — Бьют тебя камнем, ты бей хлебом (здесь: на зло отвечай добром).

Заманың қалай болса, бөркінді солай ки. — И шапку носи, как время велит.

Ағаш тамырымен, адам досымен мықты. — Дерево крепко корнями, а человек друзьями.

Адам туа жаман емес, жүре жаман. — Человек не рождается плохим, он им становится.

Адал еңбек елге жеткізер. — Честный труд ведет к признанию.

Арам құлық елден кеткізер. — Ложь и хитрость приведут к позору.

Көз қорқақ, қол батыр. — Глаза боятся, руки делают.

Аз сөйлесең де саз сөйле. — Говори редко, но метко.

19. СЫЙЛЫҚТАР. СЫЙ-СИЯПАТ. ПОДАРКИ. УГОЩЕНИЕ

Базарлық — гостинец, подарок; әкем базарлық әкелді отец привез подарки.

Байғазы — подарок, который преподносится по случаю при-

обретения обновки; көйлегің тамаша екен, мінеки байғазың
какое красивое платье, получи подарок.
Дастарханға кел(іңіз) – проходи(те) к столу.
Дәм тат(ыңыз) – угощайся (угощайтесь).
Көрімдік – подарок при показе невесты, новорожденного
ребенка, а также обновки; **көрімдік беру** дать подарок или
деньги за показ невесты, новорожденного.
Сарқыт – гостинец; **балаларға сарқыт ал(ыңыз)** возьми(те)
гостинец детям.
Сүйінші – подарок за сообщение радостной вести; **алақай,
сүйінші, әпкем ұл тапты!** ура, сестра родила мальчика, мне
полагается подарок за добрую весть /букв. /.
Сыбаға – причитающаяся доля, часть (о еде).
Шашу – подарки, угощение, приносимые на свадебные и
другие торжества; **шашу** /букв./ осыпать подарками, уго-
щением; например, под ноги невесты бросают “шашу” –
монеты, сладости, курт на счастье молодых.

20. ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР. НАЦИОНАЛЬНЫЕ БЛЮДА

Айран – кислое молоко; **бір кесе айран іштім** я выпил/а/ од-
ну пиалу кислого молока.
Бауырсақ – баурсак /кусочки кислого или пресного теста,
жаренные в масле/; **дәмді бауырсақ** вкусные баурсаки; **апа,
бауырсақ жеймін** мама, я буду есть баурсаки.
Ботқа – каша; **сұлы ботқа** овсяная каша; **қарақұмық ботқа**
гречневая каша.
Жент – кушанье, приготовленное из толченого жареного
пшена с добавлением масла, сахара; **жент дәмді екен** жент
очень вкусный
Күлше – жареная лепешка из кислого или пресного теста;
жеті күлше семь лепешек.
Кілегей – сливки; **кілегей бар ма?** сливки есть?
Қазақша ет – мясо по-казахски; **маған қазақша ет ұнайды**
мне нравится мясо по-казахски.
Қазы – блюдо из реберной части конины; **сіздерде қазы
сатылады ма?** у вас продается казы?
Қарта – блюдо, приготовленное из конской толстой кишки.
Қаймақ – 1) сметана; **қаймағыңыз қышқыл екен** ваша сметана
кислая;

- 2)сливки, снятые с кипяченого молока; **сүттің қаймағын** ал сними сливки с молока.
- Қуырдақ** — жаркое; **апам қуырдақ жасады** мама приготовила жаркое.
- Құрт** — сушеный молочный продукт из творога; **әжем ауылдан құрт әкелді** бабушка из аула привезла курт.
- Қымыз** — напиток из кобыльего молока; **қымыз ішіңіз** пейте кумыс.
- Нарын** — кушанье из мелко нарезанного мяса и теста с бульоном.
- Наурыз көже** — блюдо, приготовленное из семи компонентов, включающих виды злаковых культур, предназначено для встречи Нового года — **Наурыза** по восточному календарю; **әжем наурыз көже пісірді** бабушка сварила наурыз-коже.
- Сүзбе** — творог; **сізде сүзбе бар ма?** у вас есть творог?; **сүзбеңіз дәмді екен** у вас вкусный творог.
- Таба нан** — хлеб, испеченный в сковороде; **ыстық таба нан** горячий хлеб.
- Талқан** — толокно из жареного пшена или пшеницы; **әжем ауылдан талқан жіберді** бабушка передала нам талкан.
- Тандыр нан** — лепешка, испеченная в тандыре; **маған тандыр нан ұнайды** мне нравится лепешка, испеченная в тандыре.
- Тары** — кушанье, приготовленное из жареного пшена; **сізге тары ұнай ма?** вам нравится тары?
- Тұздық** — соус к мясу по-казахски; **тұздық дайын ба?** соус готов?
- Шелпек** — тонкая жареная лепешка из кислого или пресного теста; **бір шелпек** одна лепешка; **жеті шелпек** семь лепешек.
- Шұбат** — напиток из верблюжьего молока; **шұбат іші!** пей шубат!
- Шұжық** — колбаса, приготовленная из мяса и сала конины; **маған шұжық беріңізші** дайте, пожалуйста, мне колбасы из конины.
- Ірімшік** — сушеный молочный продукт, полученный из створоженного молока, сушеный творог; **сізде ірімшік бар ма?** у вас есть сушеный творог?

Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки.

Қонақ келсе, құт келер — Гость придет — счастье в дом войдет.

Қонақ аз отырып, көп сынайды. — Гость сидит немного, а замечает многое.

Қонақты сөзбен тойғыза алмайсың. — Гостя словами не накормишь.

Құтты қонаққа — тәтті тамақ. — Почетному гостю — сладкое угощение.

Шақырғанға бармасаң, шақыруға зар боларсың. — От приглашения откажешься — приглашения не дождешься.

Қонағын сыйласа, төрге шық дейді. — Приглашение на почетное место — признак уважения.

Қонаққа кел демек бар, кет демек жоқ. — Гостю “приходи” говорят, но когда уходить не говорят.

Сыйлы қонақ босағада отырмайды. — Порог — не место для почетного гостя.

Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал. — Благодарность гостя дороже его золотого подарка.

21. ТАМАҚТАНУ. ТАМАҚ. ПИТАНИЕ. ПИЦЦА

Аршу - чистить; **балықты/картопты/ саңырауқұлақты аршу** чистить рыбу/картофель/ грибы; **картопты аршы!** почисти картошку!

Ас - пицца, еда; **ас уақытта** во время еды; **астан кейін** после еды; **ас ішер алдында қол жуу керек** надо мыть руки перед едой; **ас қадірін білмесең, ашаршылық берер сазаңды** если не знаешь цену пицци, тебя накажет голод; ♦ **ас дәмді болсын!** приятного аппетита!

Ас мәзірі — меню; **ас мәзірін беріңізші** дайте, пожалуйста, меню.

Аспазшы — повар; **аспазшылар** повара; **аспазшылар тағамды дәмді пісіреді** повара вкусно готовят.

Асу — варить; **ет асу** варить мясо.

Асхана — столовая; **асханада** в столовой; **мектеп/ колледж асханасы** школьная/колледжа столовая; **үлкен асхана** боль-

шая столовая; **жақын жерде асхана бар ма?** есть ли поблизости столовая?; **осы көшенің бойында асхана бар** на этой улице есть столовая; **Аңсар мен Санжар асханада** Ансар и Санжар в столовой.

Аш — голодный; **аш қарынға** на голодный желудок; **мен аш емеспін** я не голоден/голодна/; **аш болу** быть голодным. **Ащы** — горький; **ащы бұрыш** горький перец.

Әзірлеу — готовить; **мейрамханада ұлттық тағамдар әзірлейді** в ресторане готовят национальные блюда.

Бәкі — перочинный нож.

Бұрыш сауыт — перечница; **маған бұрыш сауыт керек еді** мне нужна перечница.

Бұрыштау — перчить; **етті бұрыштау** перчить мясо.

Дастарқан — скатерть; **ақ дастарқан** белая скатерть; **дастарқан үстіне қою** положить на скатерть; **дастарқаннан жинап алу** убрать скатерть; **◆ дастарқаны мол үй** гостеприимный дом; **дастарқаныңыз мол болсын!** пусть стол ваш будет богатым!

Даярлау — готовить; **түскі ас даярлау** готовить обед; **түскі ас даяр ма?** обед готов?

Даяшы — официант, официантка; **асханада даяшы болмайды** в столовой официантов нет; **даяшы, мына орын бос па?** официант, это место свободно?

Дәм — вкус, пища; **дәмі жоқ** невкусный; **дәмі жаман** скверный на вкус; **◆ дәм тату** угощаться; **быть приглашенным** на обед.

Дәмді — вкусный; **дәмді сорпа** вкусный бульон; **дәмді палау жедік** мы ели вкусный плов; **ботқаңыз дәмді екен** очень вкусная каша.

Дәмсіз — невкусный; **дәмсіз ботқа** невкусная каша.

Дәмхана — кулинария; **дәмханаға бардыңыз ба?** вы были в кулинарии?; **дәмханадан келе жатырмын** я иду из кулинарии.

Демдеу — заваривать; **шайды демдеу** заваривать чай; **шайды демдедің бе?** заварил/а/ чай?; **иә, мен шай демдедім** да, я заварил/а/ чай.

Ет тартқыш — мясорубка; **жақсы ет тартқыш** хорошая мясорубка; **сізде ет тартқыш бар ма?** у вас есть мясорубка?; **ет тартқышым бар** у меня есть мясорубка.

Жеу — есть; **қасықпен /шанышқымен жеу** есть ложкой/ вилкой; **не жейсіз /жейсің?** что будете/будешь есть?; **мен кеспе көже ішемін** я буду есть лапшу; **мен май жағып нан жедім** я ел/а/

- хлеб с маслом; **біз салат жейміз** мы будем есть салат; **біз тәтті қауын жедік** мы ели сладкую дыню.
- Какао** — какао; **бір шыныаяқ какао ішу** выпить чашечку какао.
- Кастрөл** — кастрюля; **үлкен/кішкене кастрөл** большая/маленькая кастрюля; **жаңа кастрөл** новая кастрюля; **кастрөлде пісіру** варить в кастрюле; **кастрөлді жуу** мыть кастрюлю; **кастрөл газдың үстінде тұр** кастрюля стоит на газовой плите.
- Кәкпір** — шумовка; **жаңа кәкпір** новая шумовка; **кәкпір қайда?** где шумовка?
- Кесе** — пиала; **екі кесе** две пиалы; **бір кесе шай** пиалка чая; **әдемі кесе** красивая пиала; **үлкен/таза кесе** большая/чистая пиала; **маған бір кесе шай беріңізші** дайте мне, пожалуйста, пиалку чая.
- Кесу** — резать; **нанды кесу** резать хлеб; **пышақпен кесу** резать ножом.
- Кешкі тамақ/ас/**— ужин; **кешкі тамақты даярлап қою** приготовить ужин; **кешкі тамақты іштіңіз бе?** вы ужинали?; **мен кешкі тамақты әлі ішкем жоқ** я еще не ужинал/а/; **жүріңіз, кешкі тамақты ішейік** пойдем, поужинаем.
- Кофе** — кофе; **сүт қатқан кофе** кофе с молоком; **маған бір шыныаяқ кофе беріңізші** дайте мне, пожалуйста, чашечку кофе.
- Қазан** — котел; **бір қазан палау** целый котел плова; **үлкен/кішкене қазан** большой/маленький котел; **қазанға ет салу** положить мясо в котел,
- Қайнаған** — кипяченый; **қайнаған су** кипяченая вода; **бір стакан қайнаған су ішіңіз** выпейте стакан кипяченой воды.
- Қайнату** — кипятить; **су қайнату** кипятить воду; **әжем су қайнатты** бабушка вскипятила воду.
- Қайнау** — кипеть; **су қайнады** вода кипит; **самаурын қайнады** вскипел самовар; **шайнек қайнап тұр** чайник кипит.
- Қант салғыш** — сахарница; **қант салғыш қайда?** где сахарница?; **қант салғыш үстелдің үстінде тұр** сахарница на столе.
- Қарын ашу** — проголодаться, чувствовать голод; **менің қарным ашты** я проголодался/проголодалась/; **сіздің қарныңыз ашқан жоқ па?** вы не голодны?; **жоқ, қарным ашқан жоқ** нет, я не голоден/не голодна/.
- Қасық** — ложка; **қасықтар** ложки; **ас/шай қасық** столовая/чайная ложка; **ағаш қасықтар** деревянные ложки; **бір қасық** одна ложка; **үш қасық** три ложки; **қасықпен жеу** есть ложкой;

- қасық жоқ** нет ложки; **қасығың қайда?** где твоя ложка?;
қасығым бар у меня есть ложка.
- Қуыру** – жарить; **балық /ет қуыру** жарить рыбу/мясо; **табаға салып қуыру** жарить в сковороде; **мен картоп қуырдым** я пожарил/а/ картошку.
- Қуырылған** – жареный; **қуырылған балық** жареная рыба; **мен қуырылған картопты тәуір көремін** я люблю жареную картошку.
- Құймақ** – оладьи, блины; **құймақ жейсің бе?** будешь блины?
- Құймақхана** – блинная; **құймақханаға бару** пойти в блинную;
сен құймақханаға барасың ба? ты пойдешь в блинную?;
мен құймақханада тамақтандым я поел/а/ в блинной.
- Құю** – наливать, разливать; **шай құю** разливать чай; **маған шай құйшы** налей мне, пожалуйста, чай.
- Қышқыл** – кислый; **қышқыл айран** кислый айран.
- Май салғыш** – масленка; **майды май салғышқа сал** масло положи в масленку.
- Майлық** – салфетка; **таза майлық** чистая салфетка; **майлықпен сүрту** вытирать салфеткой; **маған майлық берші** дай мне, пожалуйста, салфетку.
- Мейрамхана** – ресторан; **әдемі мейрамхана** красивый ресторан;
мына мейрамханада ұлттық тағамдар даярлай ма? в этом ресторане готовят национальные блюда?; **мына мейрамханаға кірейік** зайдем в этот ресторан.
- Минералды су** – минеральная вода; **“Сарыағаш” минерал суы** минеральная вода “Сарыағаш”; **сіздерде қандай минерал суы бар?** у вас какая минеральная вода есть?
- Нан салғыш** – хлебница; **жаңа нан салғыш** новая хлебница;
нан салғышың бар ма? у тебя есть хлебница?
- Ожау** – половник; **әдемі ожау** красивый половник; **маған ожау беріңізші** дайте, пожалуйста, половник.
- Пышақ** – нож; **пышақтар** ножи; **ас пышағы** столовый нож;
өткір/өтпейтін пышақ острый/тупой нож; **бір пышақ** один нож; **пышақпен кес** режь ножом.
- Піскен** – 1) вареный; **піскен ет** вареное мясо; **мен піскен жұмыртқа жедім** я ел/а/ вареное яйцо; 2) спелый; **піскен алма** спелое яблоко; **піскен қарбыз** спелый арбуз.
- Пісіру** – 1) варить; **картоп пісіру** варить картофель; **әжем дүнген кеспесін пісірді** бабушка приготовила дунганскую лапшу;
2) печь; **нан пісіру** печь хлеб.

- Пісірілген** — вареный; **пісірілген ет/балық/картоп** вареная рыба, вареное мясо, вареный картофель.
- Стақан** — стакан; **бір стақан** один стакан; **екі стақан** два стакана; **стақанға құю** налить в стакан; **стақаннан төгіп тастау** вылить из стакана; **оған бір стақан су беріңіз** дайте ему стакан воды.
- Сусын** — напиток; **сусындар заводы** завод напитков; **салқын сусыннан не бар?** что есть у вас из прохладительных напитков?; **ыссы сусын бар** есть горячие напитки; **кафеде түрлі сусындар бар** в кафе есть разные напитки.
- Таба** — сковорода, сковородка; **үлкен/кішкене таба** большая/маленькая сковорода; **табаға құю** поджарить на сковороде; **жаңа таба сатып алу** купить новую сковороду.
- Табақ** — блюдо; **үлкен/кішкене табақ** большое/маленькое блюдо; **бір табақ** одно блюдо; **үш табақ** три блюда; **әдемі табақтар** красивые блюда; **маған фарфор табақ керек** мне нужно фарфоровое блюдо.
- Табақша** — блюдце; **варенье табақшасы** блюдце для варенья; **әдемі табақша** красивое блюдце.
- Тағам** — пища; блюдо; **ұлттық тағам** национальное блюдо; **салқын тағамдар** холодные блюда; **бірінші/екінші тағам** первое/второе блюдо; **саған/сізге ұлттық қазақ тағамдары ұнай ма?** тебе/вам/ нравятся национальные казахские блюда?; **иә, дәстүрлі қазақ тағамдары өте дәмді** да, традиционные казахские блюда очень вкусны.
- Тамақ** — пища, еда; **жеңіл тамақ** легкая пища; **күшті тамақ** калорийная пища; **дәмді тамақ** вкусная пища; **тамақ пісіру** готовить еду; **тамақ ішу** есть; **әжем тамақты өте дәмді пісіреді** моя бабушка очень вкусно готовит; **біз тамақ іштік** мы поели; **асханаға барып тамақ ішемін** поем в столовой.
- Тамақтану** — есть, питаться; питание; **дұрыс тамақтану керек** надо правильно питаться; **мен асханада тамақтанамын** я ем в столовой.
- Тамақтандыру** — кормить; **баланы тамақтандыру** кормить ребенка; **Санжарды тамақтандырдың ба?** ты покормила Санжара?
- Таңертеңгі тамақ/ас/** — завтрак; **таңертеңгі асты даярлап қою** приготовить завтрак; **таңертеңгі ас ішу** завтракать; **таңертеңгі асты іштіңіз бе?** вы завтракали?; **таңертеңгі асты іштің бе?** ты завтракал?; **мен таңертеңгі асты сағат сегізде ішемін** я завтракаю в восемь часов.

Тәбет — аппетит; **асқа тәбетім жоқ** у меня плохой аппетит; **оның тәбеті жақсы** у него хороший аппетит; **бүгін менің тәбетім тартып отыр** у меня сегодня хороший аппетит;
♦ тәбетіңіз ашылсын! приятного вам аппетита!

Тәрелке — тарелка; **бір тәрелке** одна тарелка; **тәрелкеге құю** налить в тарелку; **тәрелкеге салып қою** положить на тарелку; **таза тәрелке бар ма?** есть чистая тарелка?

Тәтті — сладкий; **бал тәтті** мед сладкий; **тәтті алма** сладкое яблоко; **тәтті кәмпит** сладкая конфета.

Тоқ — сытый; **қарны тоқ он/она/ сыт/а/ ♦ тоқ адам аш адамды түсінбейді** сытый голодного не разумеет.

Турау — резать; **ет турау** резать мясо.

Тұздау — солить; **етті тұздау** солить мясо.

Тұзды — соленый; **тұзды қияр** соленый огурец.

Тұз сауыты — солонка; **маған тұз сауыт беріңізші** подайте мне, пожалуйста, солонку.

Тұзсыз — несоленый; **тұзсыз тамақ** несоленая пища.

Тұшпара — пельмени; **тұшпара жейік** поедим пельмени.

Тұшпарахана — пельменная; **тұшпараханада тамақтану** обедать в пельменной; **мен тұшпараханаға барамын** я пойду в пельменную; **тұшпарахана қай жерде?** где здесь пельменная?

Тұщы — пресный; **тұщы су** пресная вода.

Түскі тамақ/ас/ — обед; **түскі тамақты даярлап қою** приготовить обед; **түскі тамақты іштің бе?** ты обедал?; **сіз түскі асты қай уақытта ішесіз?** когда вы обедаете?; **мен түскі тамақты әлі ішкен жоқ** я еще не обедал/а/; **мен түскі тамақты асханадан ішемін** я обедаю в столовой.

Үстел — стол; **тамақ ішетін үстел** обеденный стол; **үстел басына отыру** сидеть за столом; **тамақ үстелге қойылды** обед/ужин на столе; **үстелден жинап алу** убрать со стола.

Шай — чай; **сүт қатқан шай** чай с молоком; **қара шай** чай без молока; **көк шай** зеленый чай; **бір кесе шай іштім** я выпил/а/ пиалку чая; **мен сүт қатқан қою шайды ұнатушы** едім мне нравится густой чай с молоком.

Шайнек — чайник; **шайнектер** чайники; **шайнектің қақпағы** крышка чайника; **шайнекке су құйып қою** налить воды в чайник.

Шанышқы — вилка; **күміс шанышқы** серебряная вилка; **бір шанышқы** одна вилка; **жеті шанышқы** семь вилок; **шанышқымен жеу** есть вилоккой; **котлетті шанышқымен жеу** есть котлеты

вилкой; маған үш шанышқы беріңізші дайте, пожалуйста, три вилки.

Шелек – ведро; үлкен/ кішкене шелек большое/маленькое ведро; екі шелек су два ведра воды; жаңа шелектер новые ведра; шелекке су құю налить в ведро воды; шелектен су төгу вылить из ведра воду; шелекті алып жүру нести ведро; бір шелек су алып келші принеси ведро воды.

Шөлмек – бутылка; екі шөлмек две бутылки; маған үш шөлмек айран беріңізші дайте, пожалуйста, мне три бутылки айрана.

Шыныаяқ – чашка; бір шыныаяқ шай ішу выпить чашку чая; шыныаяқпен ішу пить из чашки; шыныаяқты жуу вымыть чашку; бір шыныаяқ кофе ішіңіз выпейте чашку кофе.

Шырын – сок; шырындар соки; алма/жеміс шырыны яблочный/фруктовый сок; мен томат шырынын ішемін я буду пить томатный сок.

Ыдыс – посуда; таза ыдыс чистая посуда; ыдысты жудың ба? ты помыл/а/ посуду?; иә, ыдысты жудым да, помыл/а/ посуду.

Ыдыс-аяқ – посуда; ыдыс-аяғың қайда? где твоя посуда?

Ішу – 1) пить; шай/сүт ішу пить чай/молоко; мен таңертең какао ішемін утром я пью какао; сорпа ішесіз бе? вы будете пить бульон?; салқындатып ішіңіз пейте охлажденным;

2) есть; кафеден түскі асты ішу обедать в кафе; менің тамақ ішкім келеді я хочу есть; мен тамақ іштім я поел/а/.

Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки.

Адамдықтан үлкен ат жоқ, наннан үлкен ас жоқ. – Нет выше звания чем человек, и выше хлеба ничего нет.

Өле жегенше бөле же. – Чем пресытиться едой, лучше поделиться.

Сыйлап берген су да тәтті. – И вода сладкая, если подана с уважением (от души).

Ас – адамның арқауы. – Еда человеку силу дает.

Тату үйдің тамағы тәтті. – Когда в семье лад, все вкусно подряд.

Жаманнан жарты қасық ас қалар. – От плохого человека полложки еды остается.

Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес. – Не имея коня, не оценишь его, сытый голодного не понимает.

22. ДҮКЕН. МАГАЗИН

Азық-түлік — продукты; **азық-түлік дүкені** продуктовый магазин.

Ақша — деньги; **ұсақ ақша** мелочь; **ірі ақша** крупные деньги; **қолма-қол ақша** наличные деньги; **ақшаң бар ма?** у тебя есть деньги?; **ақшам жоқ** денег нет.

Алма — яблоко; **алмалар** яблоки; **піскен/қышқылтым алма** спелое/кислое яблоко; **екі алма** два яблока; **бес кило алма** пять килограммов яблок; **алма қанша тұрады?** сколько стоят яблоки?; **мен бір шелек алма сатып алдым** я купил/а/ведро яблок.

Алмұрт — груша; **алмұрттар** груши; **дәмді алмұрт** вкусная груша; **екі алмұрт** две груши; **үш кило алмұрт** три килограмма груш; **сіздерде алмұрт бар ма?** у вас есть груши?

Анар — гранат; **тәтті анар** сладкий гранат; **екі/үш анар** два/три граната; **маған бір килограмм анар керек** мне нужен килограмм гранат.

Апельсин — апельсин; **апельсиндер** апельсины; **дәмді апельсин** вкусный апельсин; **апельсин қанша тұрады?** сколько стоят апельсины?

Аскөк — укроп; **бір байлам аскөк** пучок укропа.

Асқабақ — тыква; **асқабақтар** тыквы; **бір асқабақ** одна тыква; **мен екі асқабақ сатып алдым** я купил/а/ две тыквы.

Ашық — открыт; **дүкен ашық** магазин открыт; **сүт бөлімі ашық па?** молочный отдел открыт?; **нан бөлімі ашық** хлебный отдел открыт.

Әмбебап дүкені — универмаг; **орталық әмбебап дүкені** центральный универмаг; **әмбебап дүкенінде** түрлі бөлімдер орналасқан в универмаге имеются разные отделы; **әмбебап дүкені жабық емес пе?** универмаг не закрыт?

Баға — цена; **бағалар** цены; **жоғары/төмен баға** высокая/низкая цена; **бағасын білу** знать цену; **бағасын арзандату** снизить цены; **бағасын қою** определить цену; **бағасын келісу** договориться о цене; **бағасы қымбат па?** стоит дорого?; **бағасы онша қымбат емес** стоит не очень дорого; **бағасы қанша?** по какой цене?

Баға көрсеткіш — ценник; **баға көрсеткіштер** ценники; **әр тауарға баға көрсеткіш болуы керек** на каждый товар должен быть ценник.

- Бал** — мед; **тәтті бал** сладкий мед; **балыңыз жақсы екен у вас** хороший мед; **бал керек пе?** мед нужен?
- Балмұздақ** — мороженое; **дәмді балмұздақ** вкусное мороженое; **маған екі балмұздақ беріңізші** дайте мне, пожалуйста, две порции мороженого.
- Балық** — рыба; **тірі/тоңазытылған балық** живая/мороженая рыба; **қуырылған/қақталған балық** жареная/копченая рыба; **сізде тірі балық бар ма?** у вас есть живая рыба?; **шабақ балық бар** есть кильки.
- Бөлке нан** — булка; **екі бөлке нан** две булки; **мынау жаңа піскен бөлке нан ба?** это свежие булки?
- Бөлім** — отдел; **бөлімдер** отделы; **сүт бөлімі** молочный отдел; **нан бөлімінде** в хлебном отделе; **ет бөлімінде** в мясном отделе; **мен көкөніс бөлімінде боламын** я буду в овощном отделе; **қай бөлімге?** в какой отдел?
- Бұрыш** — перец; **қара/қызыл бұрыш** черный/красный перец.
- Дүкен** — магазин; **дүкендер** магазины; **дүкенде** в магазине; **дүкеннен** из магазина; **көкөністер дүкені** овощной магазин; **нан дүкені қайда?** где хлебный магазин?; **дүкен ашық па?** магазин открыт?; **иә, дүкен ашық** да, магазин открыт.
- Ет** — мясо; **жас ет** свежее мясо; **етсіз** без мяса; **қой еті** баранина; **жылқы еті** конина; **ет асу** варить мясо; **үш килограмм ет** три килограмма мяса; **сіздерде қой еті бар ма?** у вас есть баранина?; **маған екі кило қой етін өлшеңізші** взвесьте, пожалуйста, два килограмма баранины; **сіздерде түйетауықтың еті бар ма?** у вас есть индейка?
- Жабық** — закрыт; **дүкен жабық** магазин закрыт; **кітап дүкені жабық па?** книжный магазин закрыт?; **жоқ, жабық емес** нет, не закрыт.
- Жарма** — крупа; **тары жармасы** пшенная крупа; **қарақұмық жармасы** гречневая крупа.
- Жасылша** — петрушка; **екі байлам жасылша** два пучка петрушки.
- Жеміс** — фрукт; **жемістер** фрукты; **жаңа піскен/кептірілген жемістер** свежие/сушеные фрукты.
Мұражай — музей; музейный; **тарихи мұражай** исторический музей; **біз мұражайға бардық** мы были в музее; **сіз мұражайда болдыңыз ба?** вы были в музее?; **қалада қазақтың қол өнері шығармаларының мұражайы бар ма?** есть ли в городе музей казахского прикладного искусства?; **Алматыда Ә. Қастеев атындағы орталық өнер мұражайы бар** в Алматы есть центральный музей искусств имени А. Кастеева; **мұражай экспонаттары** музейные экспонаты; **мұражайдағы сирек зат** музейная редкость.

Мүсін — скульптура; **әдемі мүсін** красивая скульптура; **сізге мына мүсін ұнай ма?** вам нравится эта скульптура?

Өнер — искусство; **бейнелеу өнері** изобразительное искусство; **өнер туындылары** произведения искусства.

Өнертанушы — искусствовед.

Түпнұсқа — оригинал, подлинник.

Экскурсия жетекшісі — экскурсовод; **экскурсия жетекшісінің түсіндірмесін тыңдау** слушать объяснения экскурсовода; **ол экскурсия жетекшісі болып істейді он/она/** работает экскурсоводом; **экскурсия жетекшісі қайда?** где найти экскурсовода?

Экспонат — экспонат; **экспонаттар** экспонаты; **мұражай экспонаттары** музейные экспонаты; **көрме экспонаттары** экспонаты выставки; **жаңа экспонаттар** новые экспонаты; **сіз мына экспонаттарды көрдіңіз бе?** вы видели эти экспонаты? **Түркістандағы Қожа Ахмед Яссауи мазарындағы тай қазан келушілерді таңдандырады** огромный котел в мавзолее Кожы Ахмеда Яссауи в Туркестане восхищает посетителей.

37. ЦИРК

Акробат — акробат; акробатка; **бір акробат** один акробат; **жас акробат** юный акробат; **алаңға акробаттар шықты** на площадку вышли акробаты.

Арена — арена; **әртістер аренаға шықты** артисты вышли на арену; **бүгін цирк аренасында** сегодня на арене цирка.

Арқан — канат; **болат арқан** стальной канат; **арқан бойымен жүру** ходить по канату.

Аттракцион — аттракцион; **қызықты аттракцион** интересный аттракцион; **аттракционда** на аттракционе.

Гимнаст — гимнаст, гимнастка; **бір гимнаст** один гимнаст; **үш гимнаст** три гимнастки; **аренаға гимнастар шықты** на арену вышли гимнасты.

Жонглер — жонглер; **екі жонглер** два жонглера; **жонглердің ойын көрсетуі** выступление жонглера.

Күлдіргіш — клоун; **көңілді күлдіргіш** веселый клоун; **маған күлдіргіштің ойын көрсетуі өте ұнады** мне очень понравилось выступление клоуна

Манеж — манеж; **үлкен манеж** огромный манеж; **цирк әртістері манежге шықты** артисты цирка вышли на манеж.

Нөмір — номер; **маған мына цирк нөмірі ұнады** мне понравился этот цирковой номер.

Сықырлық — фокус; **сықырлық көрсету** показать фокус; **маған мына сықырлық өте ұнады** мне очень понравился этот фокус.

Сиқыршы — фокусник; **атақты сиқыршы** известный фокусник.
Үзіліс — антракт; **үзіліс жариялау** объявить антракт **үзілісте кездесеміз** встретимся в антракте.

Үйретуші — дрессировщик, дрессировщица; **андарды үйретуші** дрессировщик зверей.

Үйретілген — дрессированный; **үйретілген аю** дрессированный медведь; **цирктің аренасына үйретілген иттер, мысықтар жүгіріп шықты** на арену цирка выбежали дрессированные собаки и кошки; **саған үйретілген аюлар ұнай ма?** тебе нравятся дрессированные медведи?; **мен үйретілген пілді ұнатамын** мне нравится дрессированный слон.

Цирк — цирк; цирковой; **қазақ циркі** казахский цирк; **цирк әртісі** артист цирка; **менің қазақ циркіне барғым келеді** я хочу пойти на представления казахского цирка; **циркте бүгін не бар?** что сегодня в цирке?; **циркке қалай баруға болады?** как пройти в цирк?; **цирк нөмірі** цирковой номер; **цирк ойын-сауығы** цирковое представление; **цирк әртістері ойын көрсетті** выступили артисты цирка.

Шабандоз — наездник, наездница; **цирк шабандозы** цирковой наездник; **жас шабандоздар** молодые наездники; **шабандоздар өнер көрсете ме екен?** будут ли выступать наездники?; **маған шабандоздарды қатты мақтады** мне очень хвалили наездников; **бұл жас қыз — шабандоз** это молодая девушка — наездница.

Эквилибрист — эквилибрист; **эквилибристер** эквилибристы; **эквилибрист арқан үстінде** эквилибрист на канате.

38. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ. ПАРК КУЛЬТУРЫ И ОТДЫХА

Аллея — аллея; **кең аллея** широкая аллея; **Зерде аллеясы** аллея Памяти; **аллеямен жүру** идти по аллее; **біздің саябақта аллея көп** в нашем парке много аллей; **аллея қандай тамаша!** какая красивая аллея!; **мына аллеямен жүрейік!** пойдёмте по этой аллее!

Атқыма — фонтан; **үлкен атқыма** большой фонтан; **атқыма бойына қалай баруға болады?** как пройти к фонтану?

Аттракцион — аттракцион; **аттракцион саябақта ашылды** в парке открылся аттракцион; **үлкен/тамаша аттракцион** бо-

льшой/замечательный аттракцион; **аттракционда болдың ба?** ты был на аттракционе?; **маған бұл аттракцион ұнады** мне понравился этот аттракцион.

Әткеншек — карусель; **әткеншек тебу** кататься на карусели; **әткеншек тебеміз бе?** покатаемся на карусели?

Гүлзар — газон, цветник; **гүлзарды бағып-күту** ухаживать за газонами; **гүлзарды баспандар!** не ходите по газонам!

Дем алу — отдыхать; **саябақта дем алу** отдыхать в парке; **демалыс күні біз саябақта жақсы демалдық** в воскресенье мы хорошо отдохнули в парке.

Ескек — весло; **бір ескек** одно весло; **екі ескек** два весла; **ескегі жоқ қайық** лодка без весел; **мына қайықтың ескегі сынып қалды** у этой лодки сломалось весло.

Кафе — кафе; **жастар кафесі** молодежное кафе; **түскі тамақты кафеде іштік** мы пообедали в кафе; **саябақтағы кафеде болдың ба?** ты был в кафе парка?; **біздің саябақта жақсы кафе бар** в нашем парке есть хорошее кафе.

Қайық — лодка; **қайықтар** лодки; **жарыс қайығы** гоночная лодка; **моторлы қайық** моторная лодка; **екі қайық** две лодки; **қайықпен жүзу** плыть в лодке; **қайыққа отыру** садиться в лодку; **қайықта серуендеу** кататься в лодке; **қайықтан секіріп түсу** выпрыгнуть из лодки; **бізге үш қайық керек еді** нам нужны три лодки.

Қыдыру — гулять; **саябақта қыдыру** гулять в парке; **олар саябақта қыдырып жүр** они гуляют в парке.

Отырғыш — скамейка; **бір отырғыш** одна скамейка; **отырғышқа отыру** садиться на скамейку; **отырғыштың астында жатыр** лежит под скамейкой; **саябақта көп отырғыш бар** в парке много скамеек; **мына отырғышқа отырайық** посидим на этой скамейке.

Саябақ — парк; **қалалық орталық саябақ** городской центральный парк; **үлкен әдемі саябақ** большой красивый парк; **саябақта қыдыру** гулять в парке; **саябаққа бардық** ходили в парк; **саябаққа барайықшы!** пойдём в парк!; **сіз біздің саябақта болдыңыз ба?** вы были в нашем парке?

Сәкі — беседка; **жазғы сәкі** летняя беседка; **сәкіде отыру** сидеть в беседке; **сәкіге жақындап келді** подошли к беседке; **сәкі жанында тұр** стоит около беседки; **мына сәкіде отырайық** посидим в этой беседке.

Серуен — прогулка; **кешкі серуен** вечерняя прогулка.

Серуендеу — прогуливаться; **сабаяқта серуендеу** прогуливаться в парке.

Тир — тир; **тир қай жерде?** где находится тир? **тир саябақтың ортасында** тир в центре парка; **біз тирде болдық** мы были в тире.

Тоған — пруд; **не деген үлкен тоған!** какой большой пруд!; **тоған қай жерде?** где здесь пруд?

39. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ. СПОРТ. ФИЗКУЛЬТУРА

Алаң — площадка; **поле; футбол алаңы** футбольное поле; **алаңға футболшылар шықты** на поле вышли футболисты; **алаң иесі** хозяин поля.

Альпинизм — альпинизм; **мен альпинизммен шұғылданамын** я занимаюсь альпинизмом.

Альпинист — альпинист; **альпинистер** альпинисты; **бір альпинист** один альпинист; **бірнеше альпинистер** несколько альпинистов; **альпинистер тауға шығып бара жатыр** альпинисты поднимаются на гору; **Алматыда альпинистер көп** в Алматы много альпинистов.

Альпинистік — альпинистский; **альпинистік құрал-жабдықтар** альпинистское снаряжение; **жақын жерде альпинистік лагерь бар ма?** есть ли рядом альпинистский лагерь?

Атлетика — атлетика; **ауыр/жеңіл/атлетика** тяжелая/легкая/атлетика; **мені әсіресе жеңіл атлетика қызықтырады** больше всего меня интересует легкая атлетика.

Әдіс — прием; **күрес әдістері** приемы борьбы.

Балуан — борец; **балуандар** борцы; **күшті балуан** сильный борец; **екі балуан** два борца; **ауыр салмақты балуан** борец тяжелого веса; **балуандардың кездесуі** встреча борцов; **сіздің ауылда мықты балуандар бар ма?** в вашем ауле есть сильные борцы?

Баскетбол — баскетбол; **баскетбольный; баскетбол ойнайсың ба?** играешь в баскетбол?; **мен баскетболды ұнатамын** мне нравится баскетбол; **мен баскетбол ойнаймын** я играю в баскетбол; **баскетбол добы** баскетбольный мяч; **баскетбол алаңы** баскетбольная площадка **баскетбол командасы** баскетбольная команда; **сізде баскетбол добы бар ма?** у вас есть баскетбольный мяч?

Баскетболшы — баскеболист, баскетболистка; **баскетболшылар** баскетболисты; **белгілі баскетболшы** известный баскетболист; **алты баскетболшы** шесть баскетболистов; **мен баскетболшы боламын** я буду баскетболистом.

Бәйге — 1) скачки; **бәйгеге қатысу** участвовать в скачках; 2) приз на скачках, премия; **бәйге аты** призовая лошадь; **бәйге алу** завоевать первенство на скачках; **ол бәйге алды** он получил приз.

Беру — передать, передача; **доп беру** передача мяча.

Бокс — бокс; **сізге бокс ұнай ма?** вам нравится бокс?; **маған бокс ұнайды** мне нравится бокс.

Боксшы — боксер; **боксшылар** боксеры; **күшті боксшы** сильный боксер; **қазақ боксшылары** казахские боксеры; **боксшылардың кездесуі** встреча боксеров.

Біріншілік — первенство; **жекелей біріншілік** личное первенство.

Веложорық — велогонка; **веложорыққа қатысу** участвовать в велогонке.

Велошабандоз — велогонщик; **велошабандоздар** велогонщики; **атақты велошабандоз** известный велогонщик.

Волейбол — волейбол; волейбольный; **волейбол ойнау** играть в волейбол; **волейболды ұнатамын** мне нравится волейбол; **волейбол ойнайсың ба?** ты играешь в волейбол?; **мен волейбол ойнаймын** я играю в волейбол; **волейбол добы** волейбольный мяч; **волейбол алаңы** волейбольная площадка; **волейбол торы** волейбольная сетка; **маған волейбол добы керек** мне нужен волейбольный мяч.

Гимнаст — гимнаст; гимнастка; **гимнастар** гимнасты; **екі гимнаст** два гимнаста; **үш гимнаст** три гимнастки.

Гимнастика — гимнастика; **көркем гимнастика** художественная гимнастика; **гимнастикамен шұғылдану** заниматься гимнастикой; **гимнастика жарысы** соревнование по гимнастике; **мен гимнастикамен айналысамын** я занимаюсь гимнастикой; **маған гимнастика өте ұнайды** мне очень нравится гимнастика.

Дене шынықтыру — физкультура; **дене шынықтырумен шұғылдану** заниматься физкультурой; **дене шынықтыру сабағы басталды** начался урок физкультуры.

Дойбы — шашки; **дойбы ойнау** играть в шашки.

Есеп — счет; **ірі есеппен жеңу** победить с крупным счетом; **футбол мачты 2:0 есебімен аяқталды** футбольный матч закон-

чился со счетом 2:0; **біздің команда 4:3 есебімен жеңді** наша команда победила со счетом 4:3.

Жанкүйер — болельщик; **жанкүйерлер** болельщики; **бес мың жанкүйер жиналған** пять тысяч болельщиков собралось.

Жаны күйю — болеть; **“Қайрат” командасы үшін жаны күйю** болеть за команду “Қайрат”.

Жарыс — соревнование; **спорттық жарыс** спортивные соревнования; **жарысқа қатысушылар** участники соревнования; **шаңғы жарысы** соревнование по лыжам; **мергендік жарыс** соревнование по стрельбе; **мен спорттық жарыстарды көруге құмармын** я люблю смотреть спортивные соревнования; **күрестен өтіп жатқан жарысты көрейік** пойдемте на соревнования по борьбе.

Жарысу — соревноваться; **біз оныншы сыныптың командасымен жарысамыз** мы соревнуемся с командой десятого класса; **олар жарысып жатыр** они соревнуются.

Жаттығу — тренировка; **келесі жаттығу қашан?** когда следующая тренировка?; **жаттығуға бардың ба?** ты ходил/а/ на тренировку?

Жаттығатын — тренировочный; **жаттығатын зал** тренировочный зал; **бұл арада жаттығатын зал қай жерде?** где здесь тренировочный зал?

Жаттықтырушы — тренер; **атақты жаттықтырушы** известный тренер; **бас жаттықтырушы** главный тренер; **жаттықтырушымен әңгімелесу** говорить с тренером; **жаттықтырушыңыз қайда?** где ваш тренер?

Желаяқ — бегун.

Жеңу — побеждать; выигрывать; **жарыста жеңіп шығу** победить в соревновании, **біз жеңіп шықтық** мы победили; **кім жеңді?** кто выиграл?; **олар жеңді** они выиграли.

Жеңілу — потерпеть поражение, проиграть; **біздің команда жеңіліп қалды** наша команда потерпела поражение; **кім жеңілді?** кто проиграл?

Жеңіс — победа; **жеңіспен қайту** вернуться с победой; **жеңіспен құттықтаймын/құттықтаймыз!** поздравляю/ем/ с победой!

Жеңіскер — чемпион, чемпионка; **атақты жеңіскер** знаменитый чемпион; **жас жеңіскер** молодой чемпион/молодая чемпионка; **әлем жеңіскері** чемпион мира; **шахмат жеңіскері** чемпион по шахматам; **жеңіскермен кездесу** встреча с чемпионом; **біздің жеңіскерлер** наши чемпионы.

Жүзгіш — пловец, пловчиха; **жүзгішпен** с пловцом; **жүзгіште** у пловца; **ол өте жақсы жүзгіш** он отличный пловец/она отличная пловчиха.

Жүзу — плавать; плавание; **ол жүзе біледі** он/она умеет плавать; **сіз жүзе білесіз бе?** вы умеете плавать?; **мен жақсы/нашар жүземін** я хорошо/плохо плаваю; **мені жүзуге үйретіңізші** научите меня плавать; **мен жүзумен шұғылданамын** я занимаюсь плаванием **мен жүзуді ұнатамын** я люблю плавание; **сіз жүзумен шұғылданасыз ба?** вы занимаетесь плаванием?; **мен жүзумен шұғылданбаймын** я не занимаюсь плаванием.

Жүлде — приз; **жүлде алу** получить приз.

Жүлдегер — призер; **әлем біріншілігінің жүлдегері** призер мирового первенства.

Ие болу — завоевывать, занимать; **алтын медальға ие болу** завоевать золотую медаль; **бірінші орынға ие болу** занять первое место; **ол екінші орынға ие болды** он/она/ занял/а/ второе место.

Кездесу — встречаться; встреча; **бүгін екі команда кездеседі** сегодня встречаются две команды; **балуандар ертең кездеседі** борцы встретятся завтра; **спортшылардың кездесуі** встреча спортсменов; **кездесу алдында** перед встречей; **екі волейбол командасының кездесуі** встреча двух волейбольных команд.

Команда — команда; **футбол командасы** футбольная команда; **команда құрамы** состав команды; **біздің команда жеңді** победила наша команда.

Коньки — коньки; **жақсы коньки** хорошие коньки; **коньки тебу** кататься на коньках.

Күрес — борьба; **қазақша күрес** казахская борьба; **еркін күрес** вольная борьба; **күресте жеңіп шықты** выиграл борьбу; **Қазақстанда күрес өте жақсы дамыған** в Казахстане особенно развита борьба.

Күресу — бороться; **ең жақсы балуанмен күресу** бороться с лучшим борцом; **кілем үстінде күресу** бороться на ковре; **күресіп жатқан кім?** кто борется?

Қақпа — ворота; **қақпаға доп салу** забить мяч в ворота; **қақпаға доп соғу** удар по воротам; **қақпа алдында тұр** стоит перед воротами; **ол қарсы қақпаға үш доп салды** он забил три мяча в ворота противника.

Қақпақыл — пас; **дәл қақпақыл** точный пас.

Қақпашы — вратарь; **тәжірибелі қақпашы** опытный вратарь;

доп қақпашының қолында мяч у вратаря; ол өте жақсы қақпашы он отличный вратарь; мен қақпашы боламын я буду вратарем.

Қарсылас — противник; қарсыласты жеңіп шығу победить противника; бұл команда қарсыластарын ірі есеппен жеңді эта команда победила своего противника с крупным счетом.

Қорғаушы — защитник; оң жақ қорғаушы правый защитник; сол жақ қорғаушы левый защитник; ортадағы қорғаушы центральный защитник; екі қорғаушы два защитника.

Қуылу — удаление; ойыншы алаңнан қуылды удаление с поля игрока; бұл команданың екі ойыншысы қуылған два игрока этой команды получили удаление.

Матч — матч; матч басталды/аяқталды матч начался/закончился.

Мәнерлеп сырғанау — фигурное катание.

Мұз — лед, ледяной; мұз үстінде сырғанау кататься на льду; мұз сырғанақ ледяной каток; мұз алаңы ледяное поле; мұз алаңына хоккейшілер шықты хоккеисты вышли на ледяное поле.

Ойнау — играть/*о спорте* /; футбол ойнау играть в футбол; ол жақсы ойнайды он/она хорошо играет; сіз волейбол ойнайсыз ба? вы играете в волейбол?; мен волейбол ойнаймын я играю в волейбол.

Ойын — игра; ойындар игры; қызықты ойын интересная игра; олимпиадалық ойындар олимпийские игры; сіздерде қандай ойын көп таралған? в какие игры у вас больше играют?; бұл қандай ойын? как называется эта игра?; маған осы ойынды үйретіңізші научите меня этой игре; маған осы ойын ұнайды мне нравится эта игра.

Ойыншы — игрок; ойыншылар игроки; жақсы/жас ойыншы хороший/молодой игрок; екі ойыншы два игрока; футбол ойыншылары футбольные игроки.

Олимпиада — олимпиада; олипиадалар олимпиады; жазғы/қысқы олимпиада летняя/зимняя олимпиада; олимпиадаға қатысу участвовать в олимпиаде; олар олимпиадаға қатысты они участвовали в олимпиаде.

Он бір метрлік соққы — одиннадцатиметровый удар.

Орын — место; бірінші/екінші/үшінші орын первое/второе/третье место; жарыста бірінші орын алу занимать первое место в соревнованиях; сіздің команда нешінші орын алды?

какое место заняла ваша команда?; **біздің команда екінші орын алды** наша команда заняла второе место.

Рекорд — рекорд; **жаңа рекорд** новый рекорд; **рекорд жасау** установить рекорд; **ол жаңа рекорд жасады он/она/ установил/а/** новый рекорд; **бұл жаңа рекорд!** это новый рекорд!

Рекордсмен — рекордсмен; **біздің рекордсмен** наш рекордсмен; **олардың рекордсмені** их рекордсмен.

Спорт — спорт; спортивный; **шаңғы спорты** лыжный спорт; **су спорты** водный спорт; **спортпен шұғылдану** заниматься спортом; **спорт шебері** мастер спорта; **спорт шеберіне кандидат** кандидат в мастера спорта; **сіз спортқа қызығасыз ба?** вы интересуетесь спортом?; **мен спортпен шұғылданбаймын** я не занимаюсь спортом.

Спорттық — спортивный; **спорттық ойындар** спортивные игры; **спорттық жарыс** спортивное соревнование; **оқушылар спорттық жарыстарға қатысты** школьники приняли участие в спортивных состязаниях.

Спортшы — спортсмен, спортсменка; **спортшылар** спортсмены; **атақты спортшы** известный спортсмен; **көп спортшылар** много спортсменов; **біздің спортшылар жарысқа қатысты** наши спортсмены участвовали в соревнованиях.

Стадион — стадион; **орталық стадион** центральный стадион; **стадионда ойнау** играть на стадионе; **стадионға бардық** мы были на стадионе; **кеше стадионда футбол жарысы болды** вчера на стадионе состоялся футбольный матч.

Сырғанақ тебу, сырғанау — катание; кататься; **жеке сырғанау** одиночное катание; **жұптасып сырғанау** парное катание.

Табло — табло; **жарықшы табло** световое табло; **таблода** на табло.

Тайм — тайм; **бірінші/екінші тайм** первый/второй тайм; **бірінші таймда** в первом тайме; **екінші таймда доп соғылды** во втором тайме забит гол; **екінші тайм аяқталды** закончился второй тайм.

Тең — вничью; **тең ойнау** сыграть вничью; **ойын тең аяқталды** игра закончилась вничью.

Теннис — теннис; теннисный; **теннис ойнау** играть в теннис; **тұңғыш рет өткізіліп отырған теннис турнирі** первый турнир по теннису; **теннис** — спорттың әдемі түрі **теннис** — красивый вид спорта; **мен тенниспен айналысып жүрмін** я занимаюсь

теннисом; **мен теннисті ұнатамын** я люблю теннис; **теннис алаңы** теннисная площадка; **теннис ракеткасы** теннисная ракетка; **теннис добы** теннисный мяч; **теннис корты** теннисный корт; **мен теннис алаңында боламын** я буду на теннисной площадке; **сізде теннис ракеткасы бар ма?** у вас есть теннисная ракетка?

Теннисші — теннисист, теннисистка; **теннисшілер** теннисисты; теннисистки; **жас теннисші** молодая теннисистка/молодой теннисист; **қазақ теннисшісі** казахский теннисист; **теннисшілердің кездесуі** встреча теннисисток/теннисистов.

Төреші — судья; **бірінші категориядағы төреші** судья первой категории.

Ұру — ударить; удар; **айып соққысы** штрафной удар.

Ұту — выигрывать; **шахмат партиясын ұту** выигрывать партию в шахматы; **жарыста біздің спортшылар ұтты** в соревновании выиграли наши спортсмены; **кім ұтты?** кто выиграл?; **олар ұтты** они выиграли.

Ұтылу — проигрывать; **шахмат партиясында ұтылып қалу** проиграть шахматную партию; **біз ұтылдық** мы проиграли; **кім ұтылды?** кто проиграл?; **олар ұтылды** они проиграли.

Футбол — футбол; футбольный; **маған футбол ұнайды** мне нравится футбол; **сіз футбол ойнайсыз ба?** вы играете в футбол?; **футбол ойнайықшы!** играем в футбол!; **мен футбол ойнамаймын** я не играю в футбол; **футбол добы** футбольный мяч; **футбол алаңы** футбольное поле; **футбол жарасы** футбольный матч.

Футболшы — футболист; **футболшылар** футболисты; **ол жақсы футболшы** он хороший футболист; **футболшылар алаңға шықты** футболисты вышли на поле.

Хоккей — хоккей; хоккейный; **хоккей ойнау** играть в хоккей; **теледидардан хоккей көру** смотреть по телевизору хоккей; **хоккей командасы** хоккейная команда; **хоккей алаңы** хоккейное поле.

Хоккейші — хоккеист; **хоккейшілер** хоккеисты; **тәжірибелі хоккейші** опытный хоккеист; **он хоккейші** десять хоккеистов.

Чемпионат — чемпионат; **шахмат чемпионаты** шахматный чемпионат; **чемпионатқа қатысу** участвовать в чемпионате.

Шабуыл — атака, наступление; **шабуыл жасау** атаковать; **қарсы жаққа шабуыл жасау** атаковать противника.

Шабуылшы — нападающий; **жас шабуылшы** молодой нападающий; **шабуылшы қақпаға өтіп кетті** нападающий прорвался к воротам.

Шайба — шайба; **шайба соғу** забивать шайбу.

Шаңғы — лыжи; лыжный; **шаңғы спорты** лыжный спорт; **шаңғы станциясы** лыжная станция; **шаңғы кәстөмі** лыжный костюм; **шаңғы жоқ** лыж нет;

Шаңғы жолы — лыжня; **шаңғы жолын салу** прокладывать лыжню.

Шаңғышы — лыжник, лыжница; **шаңғышылар** лыжники/лыжницы; **жас шаңғышы** молодой лыжник; **шаңғышылар жарысы** пробег лыжников.

Шахмат, шатыраш — шахматы.

Штанга — штанга; **спорттық штанга** спортивная штанга; **штанга көтеру** поднимать штангу; **ол штанга көтерді** он поднял штангу.

Штангашы — штангист; **штангашылар** штангисты; **белгілі штангашы** известный штангист.

Ысқырық — свисток; **ысқырық берілді** раздался свисток.

40. МЕКТЕП. ШКОЛА

Автоқалам — авторучка; **атоқаламдар** авторучки; **әдемі автоқалам** красивая авторучка; **маған автоқалам керек** мне нужна авторучка; **автоқаламың қайда?** где твоя авторучка?

Аудару — переводить/*что-либо с одного языка на другой/* **сөйлемді аударыңыз** переведите предложение; **қазір мәтінді аударамыз** сейчас переведем текст; **мына сөз тіркесін қазақшаға аударыңыз** переведите это словосочетание на казахский язык.

Аударма — перевод/*с одного языка на другой/*.

Әліппе — букварь; **әліппеден бастау** начинать с букваря; **әліппені сатып алу** купить букварь; **әліппең қайда?** где твой букварь?

Баға — отметка, оценка; **бағалар** отметки; **жақсы баға** хорошая оценка; **баға алу** получить отметку; **қандай баға алдың?** какую отметку получил/а/?; **мен жақсы баға алдым** я получил/а/ хорошую отметку; **маған баға қойыңызшы** поставьте мне, пожалуйста, отметку.

- Бор** — мел; **бор бар ма?** мел есть?; **борды алыңыз** возьмите мел; **бор жоқ** мела нет; **борды әкеліңіз** принесите мел.
- Бояу** — краска; **бояулар** краски; **көк/қызыл бояу** синяя/красная краска; **сенде жасыл бояу бар ма?** у тебя есть зеленая краска?; **менде сары бояу бар** у меня есть желтая краска; **бояусыз** без краски.
- Дәптер** — тетрадь; **дәптерлер** тетради; **дәптерсіз** без тетради; **менің дәптерім** моя тетрадь; **дәптерді ашыңыздар!** откройте тетради!; **дәптерге жазыңыз** напишите в тетради; **енді дәптерді жабыңыз** теперь закройте тетради; **дәптерің бар ма?** у тебя есть тетрадь?; **дәптерім бар** у меня есть тетрадь.
- Дәрісхана** — аудитория; **дәрісханада студенттер отыр** студенты сидят в аудитории.
- Демалыс** — каникулы; **отдых**; **жазғы демалыс** летние каникулы; **қысқы демалыс** зимние каникулы; **демалысқа шықтық** вышли на каникулы.
- Дұрыс** — правильно, правильный; **верно, верный**; **дұрыс жауап беріңіз** правильно отвечайте; **дұрыс емес** неправильно; **бұл дұрыс емес** это неправильно.
- Емтихан** — экзамен; **емлекеттік емтихан** государственный экзамен; **емтихан тапсыру** сдавать экзамены; **емтиханды тапсырдың ба?** сдал/а/ экзамен?; **бізде қазақ тілінен емтихан болады** у нас будет экзамен по казахскому языку.
- Жазу** — писать; **дұрыс жаз!** пиши правильно!; **мен жазып болдым** я написал; **ол жазып болды** он/она написал/а/; **мынадай сөйлем жазыңыз** напишите это предложение; **біз тақтадағы сөздерді жаздық** мы переписали слова с доски.
- Жақсы** — хороший; **хорошо**; **жақсы баға** хорошая отметка; **шығарманы жақсы жаздың** ты сочинение написал/а/ хорошо.
- Жаттау** — учить наизусть; **өлең жаттадық** учили стихотворение; **өлеңді жаттадың ба?** ты выучил/а/ стихотворение?; **иә, мен жаттадым** да, я выучил/а/; **қазір мына мақалды жаттаймыз** сейчас выучим эту пословицу.
- Жаттығу** — упражнение; **жаттығулар** упражнения; **жаттығу орындаймыз** выполним упражнение; **жаттығу орындадың ба?** ты выполнил/а/ упражнение?; **қандай жаттығу?** какое упражнение?
- Жауап** — ответ; **жауаптар** ответы; **жауап беру** отвечать; **жауап беріңіз** отвечайте; **жауап күтемін** я жду ответа; **толық жауап беріңіз** дайте полный ответ.

Жиналыс — собрание; **ата-аналар жиналысы** родительское собрание; **ата-аналар жиналысы қашан болады?** когда будет родительское собрание?; **ата-аналар жиналысы сағат алтыда болады** родительское собрание состоится в шесть часов.

Кезекші — дежурный, дежурная; **кезекшілер** дежурные; **бүгін кезекші кім?** кто сегодня дежурный?; **кезекші — Санжар** дежурный — Санжар; **кезекші, бүгін бәрі түгел ме?** дежурный, сегодня все присутствуют?

Кесте — расписание; **сабақ кестесі** расписание уроков; **кесте бойынша** по расписанию; **сенде сабақ кестесі бар ма?** у тебя есть расписание уроков?

Класс бөлмесі — классная комната, класс; **класс бөлmemіз кең** наш класс просторный; **мұғалім класс бөлмеге кірді** учитель вошел в класс.

Кластас — соклассник, одноклассник; **кластастар** одноклассники; **менің кластасым** мой одноклассник; **біз онымен кластаспыз** мы с ним одноклассники.

Колледж — колледж; **Алматы экономикалық колледжі** Алматинский экономический колледж; **колледждің директоры** директор колледжа; **мен колледжде оқимын** я учусь в колледже.

Күнделік — дневник; **мектеп күнделігі** школьный дневник; **күнделігің қайда?** где твой дневник?; **күнделігім үйде қалып қойды** мой дневник остался дома; **күнделіктеріңізді ашыңыздар** откройте дневники; **сізде күнделік сатылады ма?** у вас продаются дневники?

Күнтiзбе — календарь.

Қағаз — бумага; **таза қағаз** чистая бумага; **сізде ақ қағаз бар ма?** у вас есть белая бумага?

Қазақ тілі — казахский язык; **қазақ тілі** — мемлекеттік тіл казахский язык — государственный язык; **қазақ тілі сабағында** на уроке казахского языка; **қазақ тілінде еркін сөйлеп, жаза білемін** я свободно могу разговаривать и писать на казахском языке.

Қайталау — повторять; **қайталаңызшы** повторите, пожалуйста; **сабақтың соңында қайталаймыз** в конце урока повторим изученное; **тағы қайтала** повтори снова.

Қалам — ручка; **қаламдар** ручки; **жаңа қалам** новая ручка; **екі қалам** две ручки; **қаламым** моя ручка; **сенде қалам бар ма?** у тебя есть ручка?; **қаламым бар** у меня есть ручка; **қаламдарыңызды үстелге қойыңыздар** положите ручки на стол.

Қаламсауыт — пенал; **екі қаламсауыт** два пенала; **қаламсауытым** мой пенал; **қаламсауытымды үйде қалдырып қойдым** я оставил/а дома свой пенал.

Қарындаш — карандаш; **қарындаштар** карандаши; **қарындаштың ұшы** кончик карандаша; **қара/қызыл қарындаш** черный/красный карандаш; **көк қарындашты берші** дай, пожалуйста, синий карандаш; **қарындашыңды ал** возьми свой карандаш.

Қоңырау — звонок; **қоңырау сылдырлады** прозвенел звонок.

Мектеп — школа; школьный; **қалалық/бастауыш/орта мектеп** городская/начальная/средняя школа; **мектебім** моя школа; **мектепке бару** идти в школу; **мектептен келу** прийти из школы; **мектепте оқимын** учусь в школе; **мектеп ашық** школа открыта; **ол мектепті бітірді он/она** окончил/а школу; **мектебің қай жерде?** где твоя школа?; **менің мектебім Жамбыл көшесінде** моя школа находится на улице Жамбыла; **інім мектептен келді** мой младший брат пришел со школы; **мектеп мұғалімі** школьный учитель; **мектеп кітапханасы** школьная библиотека; **мектеп бағы** школьный сад; **мектеп құралдары** школьные пособия; **мектеп жасындағы балалар** дети школьного возраста; **мен мектеп кітапханасына барамын** я пойду в школьную библиотеку; **біз мектеп бағында жұмыс істедік** мы работали в школьном саду.

Мұғалім — учитель, учительница; **мұғалімдер** учителя; **мұғалімді тыңдау** слушать учителя; **мұғалім мені тақтаға шақырды** учитель вызвал меня к доске; **біздің мұғалім келді** пришел наш учитель; **мұғалім болу қиын да абыройлы іс** быть учителем — трудное и почетное дело.

Мұғалімдер бөлмесі — учительская; **жиналыс мұғалімдер бөлмесінде болады** собрание состоится в учительской.

Оқу — 1) читать; **газет оқы** читай газету; **ол кітап оқып отыр** он/она читает книгу; **мына мақаланы оқыдың ба?** ты читал/а/эту статью? **дауыстап оқыңыз!** читайте вслух!; **қазір мәтінді оқимыз** сейчас будем читать текст;

2) учиться, обучаться; **ол мектепте оқиды он/она** учится в школе; **Аңсар колледжде оқып жүр** Ансар учится в колледже; **Санжар бірінші сыныпта оқиды** Санжар учится в первом классе; **сен қай мектепке оқисың?** ты в какой школе учишься?; **бұл оқушы жақсы оқиды** этот ученик хорошо учится;

3) **учить; сабақ оқу** учить уроки; **сабағынды оқыдың ба?** ты выучил/а/ уроки?; **сабағымды оқыдым** я выучил/а/ уроки;

4) **учеба, занятие; мектептерде оқу басталды** в школах начались занятия; **оқыың қалай?** как учеба?; **қашан оқуға кірісесің?** когда возьмешься за уроки?

5) **учебный; жалпы және арнаулы орта оқу орындары** общие и средние специальные учебные заведения; **оқу құралы** учебное пособие; **оқу сөздігі** учебный словарь; **оқу жылы** учебный год; **оқу тоқсаны** учебная четверть; **оқу жылы басталды/аяқталды** учебный год начался/закончился.

Оқулық – учебник; **қазақ тілі оқулығы** учебник казахского языка; **оқулықты ашыңыздар** откройте учебники; **оқулықты жабыңыздар** закройте учебники; **оқулығың бар ма?** у тебя есть учебник?; **оқулығым бар** у меня есть учебник.

Оқушы – учащийся, учащаяся; **школьник, школьница**; **ученик, ученица**; **жетінші сынып оқушысы** ученик седьмого класса; **оқушылар** ученики; **бір оқушы** один ученик; **жиырма бес оқушы** двадцать пять учащихся; **оқушыдан сұрау** спрашивать ученика; **мен оқушымын** я школьник/школьница.

Оқыту – обучать, учить; **орыс тілін оқыту** обучать русскому языку; **қазақ тілін оқыту** обучать казахскому языку; **балаларды оқыту** обучать детей.

Оқытушы – преподаватель; **оқытушылар** преподаватели; **оқытушы кабинетке кірді** преподаватель вошел в кабинет; **оқытушы қазақ тілінен сабақ берді** преподаватель провел/а/ урок казахского языка **оқытушы жаңа сабақ түсіндірді** преподаватель объяснил новую тему.

Орындық – стул; **орындықтар** стулья; **мұғалім орындыққа отырды** учитель сел на стул; **мына орындыққа отырыңыз** садитесь пожалуйста, на этот стул; **орындық бар ма?** есть стул?; **орындық бар** стул есть.

Өте жақсы – отлично; отличный; **өте жақсы студент** отличный студент; **тапсырманы өте жақсы орындадың** задание выполнено на отлично.

Өшіргіш – резинка; **менің өшіргішім** моя резинка; **сенің өшіргішің** твоя резинка; **маған өшіргіш керек** мне нужна резинка.

Парта – парта; **парталар** парты; **бір парта** одна парта; **бірінші парта** первая парта; **үшінші партада** за третьей партией; **мен бесінші партада отырамын** я сижу за пятой партией.

Пән — дисциплина, предмет; **бүгін қазақ тілі пәнінен бақылау диктанты болады** сегодня будет контрольный диктант по казахскому языку.

Сабақ — 1) урок, занятие; **қазақ тілі сабағы** урок казахского языка; **сабақ басталды** урок начался; **сабақ сағат сегізде басталды** уроки начались в восемь часов; **сағат бірде сабақ бітті** уроки закончились в час; **сабақ аяқталды** урок окончен; **бүгін бізде алты сабақ** сегодня у нас шесть уроков; **сіздерде неше сабақ болады?** сколько у вас уроков?; **бүгін сабақ жоқ** сегодня уроков нет;

2) задание; **үйге берген сабақты орындау** выполнять домашнее задание; **сабағыңды істедің бе?** ты сделал/а/ уроки?

3) *перен.* урок; **бұл оған сабақ** это ему урок.

Сөздік — словарь; **қазақша-орысша сөздік** казахско-русский словарь; **сізде қазақ тілінің орфографиялық сөздігі бар ма?** у вас есть орфографический словарь казахского языка?; **маған түсіндірме сөздік керек** мне нужен толковый словарь; **Санжар, сөздігіңді берші** Санжар, дай твой словарь.

Сөйлеу — говорить, выступать; **қазақ тілінде сөйлесе бастадық** мы начали говорить по-казахски; **қазақша сөйлейсің бе?** ты говоришь по-казахски?; **иә, мен қазақша сөйлеймін** да, я говорю по-казахски; **Саша орысша да, қазақша да сөйлейді** Саша говорит и по-русски, и по-казахски.

Сурет дәптері — альбом для рисования; **сурет дәптерін сатып алу** купить альбом для рисования; **сізде сурет дәптері бар ма?** у вас есть альбом для рисования?; **сурет дәптерім жоқ** у меня нет альбома для рисования.

Сурет салу — рисовать; **ол сурет салып отыр** он/она рисует; **сурет салыңыз** вы рисуйте; **мен сурет саламын** я буду рисовать; **біз класста сурет салдық** мы в классе рисовали.

Сұрақ — вопрос; **сұрақтар** вопросы; **қиын/оңай сұрақ** трудный/легкий вопрос; **сұрақ қоюға бола ма?** можно задать вопрос?; **сұрақ түсінікті ме?** вопрос понятен?; **сұраққа жауап беріңіз** ответьте на вопросы.

Сызғыш — линейка; **менің сызғышым** моя линейка; **сызғышың бар ма?** у тебя есть линейка?; **иә, сызғышым бар** да, у меня есть линейка.

Сынақ — зачет; **сынақ қою** поставить зачет.

Сынақша — зачетная книжка.

Сынып — класс; **бірінші/жетінші сынып** первый/седьмой класс;

оныншы сыныптың оқушысы ученик десятого класса; **мен бесінші сыныпта оқимын** я учусь в пятом классе.

Тақта – доска; **үлкен тақта** большая доска; **тақтаға жазыңыз** пишите на доске; **ол тақтаға жазды он/она/** написал/а/ на доске; **Аңсар тақтаға шықты** Ансар вышел к доске; **Айнұр тақтаны сүртті** Айнур стерла с доски.

Тоқсан – четверть; **бірінші тоқсан** первая четверть; **екінші тоқсанда** во второй четверти; **үшінші тоқсанның аяғында** в конце третьей четверти; **бірінші тоқсан аяқталды** закончилась первая четверть.

Түлек – выпускник.

Ұстаз – наставник, учитель; **өз ұстаздарымды еш уақытта ұмытпаймын** я не забуду никогда своих учителей; **олар – болашақ ұстаздар** они – будущие учителя.

Үзіліс – перемена; **үзіліс кезінде ойнау** играть на перемене; **үзіліс қашан болады?** когда будет перемена?

Үйрену – научиться чему-нибудь; **разучивать/песню/;** **қазақша үйрендің бе?** ты научился казахскому языку?; **мен қазақша үйреніп жүрмін** я изучаю казахский язык; **қазақша үйренгің келе ме?** хочешь изучить казахский язык?; **ән үйренеміз** разучим песню; **ән үйрендік** разучили песню.

Үстел – стол; **класс бөлмесінде үстел, орындық, тақта, парталар бар** в классе имеются стол, стул, доска, парты; **үстелде кітап, сөздік, қалам жатыр** на столе лежат книга, словарь, ручка.

Шәкірт – ученик, ученица; **шәкірттер** ученики, ученицы; **менің шәкірттерім** мои ученики; **шәкірттерге білім беру** учить учеников.

Шүберек – тряпка; **таза шүберек** чистая тряпка; **шүберекпен сүрту** вытирать тряпкой; **шүберек қайда?** где тряпка?

41. КІТАПХАНА. БИБЛИОТЕКА

Автор – автор; **кітаптың авторы кім?** кто автор книги?

Атау – название; **кітаптың аты** название книги; **мақаланың аты** название статьи; **романның аты қандай?** как называется роман?

Әдебиет – литература; **көркем әдебиет** художественная литература; **оқу әдебиеті** учебная литература.

Баспа – издательство; **мемлекеттік баспа** государственное издательство; **“Sansam” баспасы** издательство “Sansam”.

Баспагер — издатель.

Баспасөз — пресса; **тәуелсіз баспасөз** независимая пресса.

Баспахана — типография.

Басылу — издаваться, печататься; **оқулықтар басылып шықты** учебники изданы; **балалар кітаптары басылып жатыр** детские книги печатаются.

Басылым — издание; **кітаптың екінші басылымы** второе издание книги; **мерзімді басылымдар** периодические издания; **түзетіліп, толықтырылған басылымы** исправленное и дополненное издание.

Бет — страница; **кітаптың үшінші бетінде** на третьей странице книги; **кітаптың нешінші бетінде?** на какой странице книги?; **оқулықтың соңғы бетінде кесте бар** на последней странице учебника дана таблица.

Газет — газета; **газеттер** газеты; **газет аптасына бір рет шығады** газета выходит раз в неделю; **газеттің индексі қандай?** какой индекс газеты?; **маған “Ұлан” газеті ұнайды** мне нравится газета “Улан”; **бүгінгі газетті оқыдыңыз ба?** вы читали сегодняшнюю газету?

Дана — экземпляр; **бір дана** один экземпляр; **кітаптың екі данасы қалды** остался единственный экземпляр; **соңғы дана** последний экземпляр.

Жазушы — писатель; **жазушылар** писатели; **атақты жазушы** известный писатель; **жазушымен кездесу** встреча с писателем; **сізде мына жазушының кітабы бар ма?** у вас есть книга этого писателя?

Жазылу — подписываться, подписка; **“Ұлан” газетіне жазылдың ба?** ты подписался на газету “Улан”?; **мен газетке жазылдым** я подписался на газету; **енді мына журналға жазыл** теперь подпишись на этот журнал.

Жинақ — собрание; сборник; **шығармалар жинағы** собрание сочинений; **өлендер жинағы** сборник стихов; **маған мына жазушының әңгімелер жинағы керек** еді мне нужен сборник рассказов этого писателя.

Жол — строка; **жаңа жолдан оқу** читать с новой строки; **бас жол** красная строка; **жол астына** под строкой; **жолма-жол** строка в строку.

Журнал — журнал; **журналдар** журналы; **екі журнал** два журнала; **“Балдырған” журналы 1958 жылдың шілдесінен ай сайын қазақ тілінде шығады** журнал “Балдырған” выходит

с июля 1958 года ежемесячно на казахском языке; **сіздерде қандай журналдар бар?** какие журналы есть у вас?; **бізде журнал көп** у нас много журналов.

Каталог — каталог; **алфавитті каталог** алфавитный каталог.

Кітап — книга; **кітаптар** книги; **кітаптың аты** название книги; **кітаптың авторы** автор книги; **қызықты кітап** интересная книга; **маған мына кітапты беріңізші** дайте, пожалуйста, мне эту книгу.

Кітапхана — библиотека; **қалалық/аудандық/орталық кітапхана** городская/районная/центральная библиотека; **кітапханаға жазылу** записаться в библиотеку; **кітапханаға бару** идти в библиотеку; **кітапханадан кітап алу** взять из библиотеки; **мен Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасына жазылдым** я записался в Национальную библиотеку Республики Казахстан; **кітапханаға барып жүрмін** я посещаю библиотеку; **біз кітапханада болдық** мы были в библиотеке.

Кітапханашы — библиотекарь, библиотекарша; **жақсы кітапханашы** хороший библиотекарь; **кітапханашыдан сұрау** спросить у библиотекаря; **кітапханашы болып істейді** работает библиотекарем; **кітапханашыдан сұра** спроси у библиотекаря.

Қайтарып беру — вернуть; **ол маған кітапты қайтарып берді** он вернул мне книгу; **кітапты өткен айда қайтарып бергенмін** я вернул/а/ книгу в прошлом месяце.

Қолжазба — рукопись; **қолжазбалар** рукописи; **кітаптың қолжазбасы** рукопись книги; **жалғыз ғана қолжазба** единственная рукопись.

Құрылтайшы — учредитель.

Мазмұн — содержание, оглавление; **кітаптың мазмұны** содержание книги; **журналдың мазмұны бірінші бетінде басылған** содержание журнала напечатано на первой странице.

Мұқаба — обложка; **әдемі мұқаба** красивая обложка; **мұқабасында суреті бар кітап** обложка книги с картинкой.

Оқырман — читатель, читательница; **оқырмандар** читатели; **көп оқырман** много читателей.

Оқырман билеті — читательский билет; **оқырман билетің бар ма?** у тебя есть читательский билет?; **оқырман билеті кітапханаға кірген кезде, кітаптар алған кезде көрсетіледі** читательский билет предъявляется при входе в библиотеку и при получении книг.

Оқырман залы — читальный зал; мен үшінші оқырман залында боламын я буду в третьем читальном зале; **әдебиетті оқырман залынан алып шығуға рұқсат етілмейді** не разрешается выносить литературу из читального зала.

Өтініш — требование; **өтінішті толтыру** заполнить требование; **сізде өтініш бланкісі бар ма?** у вас есть бланк требования?

Редактор — редактор; **бас редактор** главный редактор; **көркемдеуші редактор** художественный редактор.

Редакциясы алқасы — редакционная коллегия.

Сурет — иллюстрация, рисунок; **суреттер** иллюстрации; **суретті журнал** журнал с иллюстрациями; **кітапта көп сурет бар** в книге много иллюстраций.

Тапсырыс беру — заказывать; **қажет кітаптың атын, авторын жазып кітапханашыға тапсырыс беріңіз** напишите название нужной вам книги, ее автора и закажите библиотекарю;

Таралым — тираж; **кітаптың таралымы 20 мыңнан асатын** тираж книги превышал 20 тысяч.

Шығарылған — изданный; **жақсы шығарылған кітап** хорошо изданная книга.

Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки

Білімнің басы — бейнет, соңы — зейнет. — В учении трудно, да плоды учения сладки.

Кітап — алтын қазына (сандық). — Книга — кладовая золота (золотой клад знаний).

Білім — инемен құдық қазғандай. — Наука — что рыть колодец иглой.

Өмір — үлкен мектеп. — Жизнь — большая школа.

Өмірдің өзі — ұлы ұстаз. — Сама жизнь — мудрый учитель.

Жердің сәні — егін, ердің сәні — білім. — Землю украшают нивы, человека — знания.

Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ. — Нет жизни без знаний, нет знаний без учения.

Алтын алма, білім ал. — Не гонись за золотом, а стремись к знаниям.

Күш — білімде, білім — кітапта. — Сила — в знаниях, знания — в книгах.

Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол. — Чем с невеждой водиться, лучше с книгой подружиться.

IV. ТАБИҒАТ. ПРИРОДА

42. ЖЕР ШАРЫ. ЗЕМНОЙ ШАР

Ағыс — течение; проток; **ағыс жылдамдығы** скорость течения; **ағысқа қарсы жүзу** плыть против течения; **судың ағысы күшті** течение реки сильное/быстрое/.

Ай — 1) луна; **толған ай** полная луна; **ай орағы** серп луны; **ай басы** новолуние; **ай тұтылу** затмение луны; **ай туды** взошла луна; **ай көрінді** выглянула луна; **айды көрдің бе?** ты видел /а/ луну?

2) месяц; **бір ай** один месяц; **он екі ай** двенадцать месяцев;

♦ **айдай таза**, **күндей нұрлы** очень красивая, писаная красавица; **айдай анық** яснее ясного, ясно как божий день; **ай мен күндей сұлу** очень красивая; **айы оңынан туу** счастье улыбнулось.

Айлы — лунный; **айлы түн** лунная ночь.

Бұлақ — родник, ключ; **таза бұлақ** чистый родник.

Ғарыш — космос; **ғарышта** в космосе.

Ғарышкер — космонавт; **бірінші ғарышкер** первый космонавт.

Ғарыш кемесі — космический корабль.

Жаға — берег; **жағалар** берега; **өзеннің жағасы** берег реки.

Жер — 1) Земля/планета/; **Жер Күнді айналып жүреді** Земля вращается вокруг Солнца;

2) почва, поверхность; **құнарлы жер** плодородная земля;

3) расстояние; **бес күндік жер** расстояние пятидневного пути.

Жұлдыз — звезда; **жұлдыздар** звезды; **жұлдыздар жарқырап тұр** звезды сверкают; **аспан жұлдызға толы** небо усеяно звездами; **ақпа жұлдызды көрдің бе?** ты видел/а/ падающую звезду?

Көл — озеро; **көлдер** озера; **таулы жердегі көл** горное озеро; **көл жағасында** на берегу озера.

Көлді — озерный; **көлді өлке** озерный край.

Құлама су — водопад.

Мұхит — океан; **Солтүстік Мұзды мұхит** Северный Ледовитый океан; **Атлантика мұхиты** Атлантический океан; **Тынық мұхит** Тихий океан.

Өзен — река; **өзендер** реки; **терең өзен** глубокая река; **бұл суы мол өзен** это глубоководная река; **көктемде өзен тасиды** весной река разливается.

Пайдалы қазбалар — полезные ископаемые.

Тау — гора; **таулар** горы; **биік тау** высокая гора; **қарлы тау** снежная гора; **таудың шыңы** вершина горы; **алыстан таулар көрінді** вдали виднелись горы; ♦ **таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер** *букв.* лучше дай мне, Бог, счастья хотя бы с палец, чем наделять меня высокими, как гора, стремлениями.

Таулы — горный; **тау тізбектері** горная цепь; **таулы жер** горная местность; **тау тұрғыны** горный житель.

Тегіс — ровный, гладкий; **тегіс жол** ровная дорога

Темірқазық — Полярная звезда.

Теңіз — море; морской; **ашық теңіз** открытое море; **теңіз бойында** у моря; **теңіздің ар жағында** за морем; **теңізге шығу** выйти в море; **Арал теңізі** Аральское море; **Қара теңіз** Черное море; **теңіз қолтығы** залив; **теңіз хайуандары** морские животные.

Толқын — волна; **толқындар** волны; **теңіз толқыны** морская волна.

Топырақ — земля, почва; **қара топырақ** чернозем; ♦ **топырағың торқа болсын** пусть будет земля пухом.

Шырақ — 1) светило/небесное/; **аспан шырақтарының қозғаласы** движение небесных светил;

2) свет, светильник; 3) *ласкательное обращение:* светик; **шырағым менің, ән сал!** светик мой, спой!

43. АУА РАЙЫ. ПОГОДА

Ауа — воздух; **ауа қысымы** давление воздуха; **ауасыз** без воздуха; **ауаның температурасы** температура воздуха; **өткен аптада ауаның температурасы он градус суық болды** на прошлой неделе температура воздуха была десять градусов ниже нуля.

Ауа райы — погода; **ауа райы бұлыңғыр/ыстық** пасмурная/ жаркая погода; **бүгін ауа райы жақсы** сегодня хорошая погода; **бүгін ауа райы қандай?** сегодня какая погода?; **ертең ауа райы қандай болады?** какая завтра будет погода?; **ауа райы өзгеріп кетті** погода изменилась.

Ашық — открытый, ясный; **ашық аспан** ясное небо; **ауа райы ашық** погода ясная; **бүгін күн ашық** сегодня ясный день.

Аяз — мороз; **қатты аяз** крепкий мороз; **шытырлаған сары аяз** трескучие морозы; **он градус аяз** десять градусов мороза; **бүгін жиырма градус аяз** сегодня двадцать градусов мороза.

Аязды — морозный; **күн аязды** морозный день; **аязды түнде** в морозную ночь; **былтыр қаңтар аязды болды** прошлогодний январь был морозный.

Батыс — запад, западный.

Боран — буран; метель; **ақ боран** снежный буран; **боранға ұшырау** быть застигнутым бураном; **далада қатты боран** на дворе сильная метель.

Боранды — суровый; **боранды қыс** суровая зима.

Борасын — поземка; **борасын қар** сугроб.

Борау — подняться/*о буране/*; **боран борап тұр** поднялся снежный буран; **топырақ борап кетті** поднялась пыль.

Буалдыр — мгла, туманность; **бүгін күн буалдыр** сегодня день туманный.

Бұлт — облако, туча; **бұлттар** облака; **қара бұлт** черная туча; **ақ бұлт** белое облако; **бұлт жоқ** нет облаков; **ұшақ бұлтқа кіріп көрінбей кетті** самолет скрылся в облаках; **күннің батысынан қара бұлт шықты** на западе сгущались черные тучи.

Бұлтсыз — безоблачный, ясный; **бұлтсыз аспан** безоблачное небо.

Бұлттану — покрываться тучами, облаками; **күн бұлттанып тұр** день пасмурный.

Бұлтты — пасмурный, облачный; **ауа райы бұлтты** облачная погода.

Бұлтты күн — пасмурный день.

Бұлыңғыр — пасмурный; **бұлыңғыр күн** пасмурный день; **ауа райы бұлыңғыр** пасмурная погода; **бүгін күн бұлыңғыр екен** сегодня пасмурный день.

Бұршақ — град; **қатты бұршақ** сильный град; **бұршақ жауды** выпал град; **бұршақ жауып кетті** пошел град.

Градус — градус; **температура он градус жылы** температура десять градусов тепла; **термометр жиырма градус көрсетіп тұр** термометр показывает двадцать градусов тепла; **бүгін он жеті градус жылы** сегодня семнадцать градусов тепла; **ертең жиырма екі градус жылы болады** завтра будет двадцать два градуса тепла.

Дауыл — буря, ураган; **қатты дауыл** сильная буря; **дауыл жоқ**

бури нет; теңіз дауылы шторм; күшті теңіз дауылы сильный шторм; дауыл шатырды ұшырып түсірді ураган снес крышу.

Жаңбыр — дождь; **жаңбыр жауып тұр** идет дождь; **жаңбырдың астында қалдық** остались под дождем; **биыл жаңбыр көп жауды** в этом году было много дождей; **бүгін жаңбыр жауады** сегодня будет дождь; **ертең/түстен кейін жаңбыр жауады** завтра/во второй половине дня ожидается дождь.

Жауу — падать, идти/о дожде, снеге, граде/; **жаңбыр жауды** идет дождь; **кеше қар жауды** вчера шел снег; **ертең жаңбыр жауады** завтра будет дождь; **жаңбыр жауып тұр ма?** дождь идет?; **жоқ, жаңбыр жауған жоқ** нет, дождь не идет.

Жауын — дождь; **ақ/нөсер жауын** мелкий/проливной дождь; **жауын жоқ** дождя нет; **жауын шелектеп құйып тұр** дождь льет как из ведра.

Жауынды — дождливый; **жауынды күз** дождливая осень; **жауынды күн** дождливый день; **биылғы көктем жауынды болды** эта весна была дождливой.

Жауын-шашын — осадки; **жауын-шашынды** с осадками; **жауын-шашынсыз** без осадков; **бүгін жауын-шашын болады** сегодня ожидаются осадки; **қалада жауын-шашынсыз** в городе без осадков.

Жел — ветер; **қатты жел** сильный ветер; **баяу жел** слабый ветер; **баяу жел еседі** дует слабый ветер; **жел қатты соғып тұр** дует сильный ветер.

Жылы — теплый; тепло; **жылы күн** теплый день; **бүгін ауа райы жылы** сегодня теплая погода; **дала жылы** на улице тепло; **үйлерің жылы ма?** у вас дома тепло? **ертең неше градус жылы болады?**; сколько градусов тепла будет завтра?; **кеше жиырма градус жылы болды** вчера было двадцать градусов тепла.

Жылу — потеплеть; **күн жылыды** потеплело, стало тепло.

Климат — климат; **климат орташа** умеренный климат; **жылы/ыстық/салқын климат** теплый/жаркий/холодный климат; **климат өзгерді** климат изменился; **сіздерде қандай климат?** какой у вас климат?

Көк тайғақ — гололед, гололедица; **бүгін жер тайғақ екен** сегодня на дорогах гололедица.

Күн — 1) солнце; **жарқыраған күн** яркое солнце; **күн жарқырап тұр** солнце сияет; **күн шықты** солнце взошло; **күн батты** солнце зашло; **күннің шұғыласы** лучи солнца;

2) день; **екі күн** два дня; **күн сайын** ежедневно;

3) погода; **күн ашық** погода ясная; **күн әжептәуір жылы** екен сегодня довольно теплая погода; **күн ыстықта** озенге шомыламыз когда погода жаркая, тогда купаемся в реке;

♦ **күн көрсетпеу** не давать житья; **күн ара** через день.

Күн күркіреу — гром; **күн күркіреді** загремел гром.

Күн тұтылу — солнечное затмение.

Күртік қар — сугроб; **қар күртік болып жатыр** снег лежит сугробом.

Қапырық — зной; **тал түстегі қапырық** полуденный зной.

Қар — снег; **алғашқы қар** первый снег; **қарсыз қыс** зима без снега; **қар үстінде жатыр** лежит на снегу; **қар үстінде жүру** идти по снегу; **қар жауып тұр** идет снег; **қар таңертеңнен жауып тұр** с утра идет снег; **ертең қар жауады** завтра обещали снег; **бүгін қар жаумайды** сегодня снега не будет.

Қарлы — снежный; **қарлы қыс** снежная зима.

Қатқақ — заморозки; **таңертеңгі қатқақ** утренние заморозки.

Қырау — иней; **ақ қырау** белый иней; **ағаштарды қырау басқан** деревья покрыты инеем.

Қысым — давление; **атмосфера қысымы** атмосферное давление.

Мәлімет — сводка; **ауа райы мәліметін тыңдадыңыз ба?** вы слушали сводку о погоде?

Найзағай — молния; **найзағай жарқ етті** сверкнула молния.

Нөсер — ливень; **жылы/жазғытұрғы нөсер** теплый/весенний ливень; **нөсер құя салды** хлынул ливень.

Оңтүстік — юг, южный.

Салқын — прохладный; прохладно; **салқын су** прохладная вода; **бүгін күн салқын** сегодня прохладный день.

Салқындау — становиться прохладным; **салқындады** стало прохладно.

Самал — свежий /о ветре/, **самал жел** свежий ветер; **самал жел соғып тұр** дует свежий ветер.

Солтүстік — север, северный.

Суық — холод; холодный; **күн суық** день холодный; **түн суық** холодная ночь; **ауа райы суық** холодная погода; **бүгін күн суық** сегодня холодно; **кеше күн суық болды** вчера было холодно; **Алматыда қыста онша суық болмайды екен** в Алматы зимой не очень холодно; **биыл наурыз суық болды** в этом году март был холодный; **суық түсті** наступили холода; **Қа-**

зақстанның солтүстік аудандарында қыс қатты суық болады в северных районах Казахстана бывают сильные холода.

Суығырақ — довольно холодно.

Суық түсу — похолодание; **суық түсе бастады** наступило похолодание; **бір аптадан кейін суық түседі** через неделю будет похолодание.

Суу — охлаждаться, остывать, становиться холодным; **күн суыды** стало холодно.

Сіркіреу — моросить; **жауын таңертеңнен сіркіреп тұр** дождь моросит с утра; **сыртта жауын сіркіреп тұр** на дворе моросит.

Температура — температура; **ауаның температурасы** температура воздуха; **бөлме температурасы** комнатная температура; **бүгін қандай температура?** сегодня какая температура?

Тұман — туман; **қалың тұман** густой туман; **тұман түсті** опустился туман; **тұман кетті** туман рассеялся.

Тұманды — туманный; **тұманды таң** туманное утро.

Шығыс — восток, восточный.

Шық — роса; **таңертеңгі шық** утренняя роса.

Ылғал — влага.

Ылғалды — влажный; **ылғалды жер** влажная земля.

Ылғалдық — влажность; **ауаның ылғалдығы** влажность воздуха.

Ыстық — жаркий, горячий; **жара**; жарко; **жаздағы ыстық** летняя жара; **ыстық күн** жаркий день; **ыстық жаз** жаркое лето; **шілдеде Алматыда өте ыстық болады** в июле в Алматы очень жарко.

Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки

Жел дауылды шақырады, бұлт жауынды шақырады. — Ветер бурю кличет, а туча дождь зазывает.

Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді. — Дождь земле прибавляет силы, благословение — жигиту.

Бұлт қайда қонса, береке сонда шөгеді. — Где останавливается туча, там и достаток.

Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр. — Дождь летом и снег зимой приносят благодать земле родной.

Судың да сұрауы бар. — И за воду спрос есть.

Ерте шықсаң — алдыңнан күн шығады, кеш шықсаң — алдыңнан түн шығады. — Рано встанешь — солнце навстречу, поздно встанешь — ночь навстречу.

Мезгіл жетсе, күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер. —
Апрель придет — гром загремит, гром загремит — зелень дружно взойдет.

Ақ қар көп болса — ақ нан көп. — Много снега — много хлеба.

44. ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ. ВРЕМЕНА ГОДА

Ақпан — февраль; **ақпан айы** февраль месяц; **ақпанда** в феврале; **екінші ақпан** второе февраля; **ақпаннан бастап** с февраля; **ақпанға дейін** до февраля; **ең суық ай** — ақпан февраль — самый холодный месяц; **биыл ақпан аязды болды** в этом году февраль был холодным.

Жаз — лето; летний; **ыстық жаз** жаркое лето; **жаз шықты** наступило лето; **жаздан кейін қоңыр салқын күз** де келіп жетеді после лета наступит прохладная осень; **жазды тауда өткізген аса пайдалы** лето полезно провести в горах; **жаз айлары** — маусым, шілде, тамыз летние месяцы — июнь, июль, август.

Жазғы — летний; **жазғы кез** летняя пора; **жазғы демалыс** летние каникулы/отдых/; **жазғы киім** летняя одежда; **жазғы көйлек** летнее платье; **жазда күн ұзақ болады** летом дни длинные.

Жазда — летом; **жазда түн қысқа болады** летом ночи короткие; **жазда күн ыстық болады** летом бывает жарко; **жазда ауылға барамын** летом я поеду в аул; **жазда келесіз бе?** летом приедете?

Жазды күні — летом; **жазды күні қалаға бардық** летом мы ездили в город; **жазды күні келемін** приеду летом.

Желтоқсан — декабрь; **желтоқсан айында** в декабре месяце; **желтоқсанда қалың қар жауды** в декабре шел густой снег; **былтыр желтоқсан аязды болды** в прошлом году декабрь был холодный; **16 желтоқсан** — Тәуелсіздік күні 16 декабря — день Независимости.

Көктем — весна; весенний; **жылы көктем** теплая весна; **көктем келді** наступила весна; **көктем айлары** — наурыз, сәуір, мамыр март, апрель, май — весенние месяцы; **жыл мезгілдерінен маған ұнайтыны** көктем из времен года мне больше всего нравится весна; **алғашқы көктем күндері** первые весенние дни.

Көктемде — весной; **көктемде құстар ұшып келеді** весной прилетают птицы; **көктемде тау іші қандай тамаша!** как красиво весной в горах!; **көктемде қар ериді** весной тает снег; **мен көктемде келемін** я приеду весной; **біз көктемде көктем мерекелерін: 8 Наурызды, Наурыз мейрамын, 1 Мамырды, тойлаймыз** весной мы празднуем весенние праздники: 8 Марта, Наурыз, 1 Мая.

Көктемгі — весенний; **алғашқы көктемгі гүлдер** первые весенние цветы; **көктемгі демалыс** весенние каникулы; **ауыл еңбеккерлері көктемгі егіс жұмысына дайындалады** сельские труженики готовятся к весеннему севу.

Күз — осень; осенний; **жауынды күз** дождливая осень; **күз болды** наступила осень; **жыл мезгілдерінен маған ұнайтыны** күз из времен года мне нравится осень; **күз айлары — қыркүйек /ерте күз/, қазан/алтын күз/, қараша/қоңыр күз/** осенние месяцы — сентябрь/ранняя осень/, октябрь /золотая осень/, ноябрь /поздняя осень/.

Күзгі — осенний; **күзгі жауын** осенний дождь; **күзгі ауа райы** осенняя погода; **күзгі гүлдер** осенние цветы.

Күзде — осенью; **күзде оқу жылы басталады** осенью начинается учебный год; **күзде ауа райы құбылмалы болады** осенью погода бывает неустойчивой; **күзде жаңбыр көп жауады** осенью часто идут дожди.

Күздігүні — осенью; **күздігүні құстар ұшып кетеді** осенью птицы улетают; **күздігүні жапырақтар сарғаяды** осенью желтеет листва; **күздігүні сабақ басталады** осенью начинаются занятия; **күздігүні күн қысқарады, түн ұзарады** осенью дни становятся короче, ночи — длиннее.

Қазан — октябрь; **қазан айы** октябрь месяц; **қазанның басында** в начале октября; **қазанның аяғында** в конце октября; **қазанда тауда қар жатады** в октябре в горах лежит снег; **қазан айында кейде түн аязды болады** в октябре иногда ночи бывают холодные.

Қаңтар — январь; **қаңтар айы** январь месяц; **бірінші қаңтар** первое января; **оныншы қаңтар** десятое января; **қаңтар айында ылғи қар жауады** в январе месяце постоянно идет снег; **былтыр қаңтар аязды болды** в прошлом году январь был холодный; **қаңтар айында қысқы демалыс басталды** в январе месяце начинаются зимние каникулы; **мен қаңтар айында туылдым** я родился/родилась/ в январе.

Қараша — ноябрь; **қараша айында** в ноябре месяце; **қарашаның басында** в начале ноября; **бірінші қараша** первое ноября; **мен қарашада дем аламын я буду отдыхать в ноябре.**

Қыркүйек — сентябрь; **қыркүйекте** в сентябре; **бірінші қыркүйек** первое сентября; **қыркүйектің аяғында** в конце сентября; **қыркүйекте күн қоңырсалқын болады** в сентябре дни становятся прохладнее; **қыркүйек айында жаңбыр жиі жауады** в сентябре месяце часто идут дожди; **кейде қыркүйек айында қар жауады** иногда в сентябре месяце выпадает снег.

Қыс — зима; зимний; **қатты қыс** холодная зима; **қысқа әзірлену** готовиться к зиме; **қыс түсті** наступила зима; **сіздерде қыс қатты бола ма?** у вас зима бывает холодной?; **қаңтарда суық қыс басталады** в январе начинается суровая зима; **қыс айлары** — желтоқсан, қаңтар, ақпан зимние месяцы — декабрь, январь, февраль; **мен қысқы табиғатты ұнатамын я люблю зимнюю природу;** ♦ **қыс/қыстың/ көзі қырауда** зимняя стужа.

Қысқы — зимний; **қысқы күн** зимний день; **қысқы демалыс** зимние каникулы; **қысқы пәлте** зимнее пальто; **қысқы етік** зимние сапоги; **қысқы киім** зимняя одежда.

Қыста — зимой; **қыста күн қысқа болады** зимой дни короткие; **қыста дала, орман, үйлер ақ қар жамылады** зимой степи, леса, дома покрываются белым снегом; **қыста адамдар бөрік, пәлте, тон, етік киеді** зимой люди надевают шапки, пальто, шубы, сапоги.

Қыстыгүні — зимой; **қыстыгүні біз коньки тебеміз** зимой мы катаемся на коньках; **қыстыгүні бізге келесің бе?** ты к нам приедешь зимой?

Мамыр — май; **мамыр айы** май месяц; **мамыр айында** в мае месяце; **бесінші мамыр** пятое мая; **мамырда әкемнің туған күні болады** в мае день рождения моего отца; **мамырда күн жылы болады** в мае дни теплые; **мамырда мен саяжайда тұрамын** в мае я буду жить на даче.

Маусым — 1) июнь; **маусым айы** июнь месяц; **маусым айында** в июне месяце; **жиырма алтыншы маусым** двадцать шестое июня; **Аңсар маусымда туды Ансар** родился в июне; **маусымда оқу жылы аяқталады** в июне заканчивается учебный год;

2) время года; пора; **жаз маусымы** летнее время; **қыс маусымы** зимнее время; **егіс маусымы** время сева; **шөп шабу маусымы** время сенокоса, пора сенокоса.

Мезгіл — время, пора; **күз мезгілі** осенняя пора; **жылы мезгіл** теплая пора; **пішен шабу мезгілі** пора сенокоса; **жылдың төрт мезгілі бар**: қыс, көктем, жаз және күз в году четыре времени года: зима, весна, лето и осень.

Наурыз — март; **наурыз айында** в марте месяце; **наурыз айы жақындап келеді** приближается март; **наурыз айында біз Жаңа жыл мейрамын тойлаймыз** в марте мы отмечаем Новый год; **былтыр наурыз суық болды** в прошлом году март был холодный; **наурызда кейде қар жауады** в марте иногда выпадает снег.

Сәуір/көкек/ — апрель; **сәуір айында** в апреле месяце; **бірінші сәуір** первое апреля; **сәуірден бастап** с апреля; **сәуірге дейін** до апреля; **сәуір айында жауын жауады** в апреле идут дожди; **сәуірде күн жылы болады** в апреле тепло; ♦ **сәуір болмай, тәуір болмас** пока не наступит апрель, тепла не будет.

Тамыз — август; **тамыз айында** в августе месяце; **тамыздан бастап** с августа; **тамызға дейін** до августа; **ол тамыз айында туылды он/она родился/ родилась** в августе; **тамызда біздің класс экскурсияға барады** в августе наш класс поедет на экскурсию.

Шілде — июль; **шілде айында** в июле месяце; **шілдеде өте ыстық** в июле очень жарко; **шілде айында жаңбыр көп жаумайды** в июле дожди идут редко; **шілдеде ауылға барамын** в июле поеду в аул.

45. УАҚЫТ. ВРЕМЯ

Ай — месяц; **бір ай** один месяц; **екі/үш ай** два/три месяца; **бірнеше ай** несколько месяцев; **осы айда** в этом месяце; **өткен айда** в прошлом месяце; **келесі айда** в этом месяце; **үш айдан соң** через три месяца; **екі ай өтті** прошло два месяца; **бір жылда он екі ай бар** в одном году двенадцать месяцев; **бір айда отыз күн бар** в одном месяце тридцать дней; ♦ **айдан айға** из месяца в месяц.

Алдыңүні — позавчера; **алдыңүні келді** приехал/а/ позавчера; **мен алдыңүні саған телефон соқтым** я позавчера тебе звонил/а/; **алдыңүні ауылдан әжем келді** позавчера приехала бабушка из аула. ♦ **Анау жолы** — в прошлый раз. ♦ **Анда-санда** — время от времени.

Апта — неделя; **бір апта** одна неделя; **екі апта** две недели; **бір аптада жеті күн бар** в неделе семь дней; **осы аптада** на этой неделе; **өткен аптада** на прошлой неделе; **келесі аптада** на следующей неделе; **екінші/үшінші апта** вторая/третья неделя; **бірнеше аптаға** на несколько недель; **бір аптадан кейін** через неделю; **осы аптада спорт жарысы болады** на этой неделе будут спортивные соревнования.

Барыс жылы — год Тигра; **ол Барыс жылы туды он/она** родился/родилась в год Тигра. ♦ **Барлық уақытта** — во все времена.

Бейсенбі — четверг; **бүгін бейсенбі** сегодня четверг; **ертең бейсенбі** завтра четверг; **бейсенбіде менің туған күнім болады** в четверг у меня день рождения; **бейсенбіде мен сіздерді күтемін** в четверг я буду вас ждать.

♦ **Белгілі бір уақытта** — в определенное время. ♦ **Бос кезінде / уақытта/** — в свободное время.

Бүгін — сегодня; **бүгін нешесі?** какое сегодня число?; **бүгін жетінші наурыз** сегодня седьмое марта; **бүгін сәрсенбі** сегодня среда; **бүгін мейрам** сегодня праздник; **бүгін неше сабақ болады?** сколько сегодня уроков?; **бүгін сабақ жоқ** сегодня уроков нет; ♦ **бүгін-ертең** со дня на день.

Бүрсігүні — послезавтра; **апам бүрсігүні келеді** мама придет послезавтра; **бүрсігүні кездесейік** встретимся послезавтра.

♦ **Біраз уақыт өткен соң** — со временем.

♦ **Бір күні** — в один прекрасный день.

♦ **Бір қатар жылдар ішінде** — в течение нескольких лет.

♦ **Бірінші күндерден бастап** — с первых дней.

Ғасыр — век; **жиырмасыншы ғасыр** двадцатый век; **жиырма бірінші ғасырда** в двадцать первом веке; **өткен ғасырда** в прошлом веке; **сіздер жиырма бірінші ғасырда өмір сүресіздер** вы будете жить в двадцать первом веке; ♦ **алтын ғасыр** золотой век; **ғасырлар бойы** на века.

Доңыз жылы — год Свиньи; **менің досым Доңыз жылы туған** мой друг родился в год Свиньи.

Дүйсенбі — понедельник; **бүгін дүйсенбі** сегодня понедельник; **ертең дүйсенбі** завтра понедельник; **дүйсенбіде дене шынықтыру сабағы болады** в понедельник будет урок физкультуры; **дүйсенбіде не істейміз?** что будем делать в понедельник?

Ертең — завтра; **ертең мейрам** завтра праздник; **ертең кітапханаға барамыз** завтра пойдем в библиотеку; **сен ертең қайда**

барасың? куда ты завтра пойдешь?; **мен ертең үйде боламын** завтра я буду дома. ♦ **Ерте ме, кеш пе** рано или поздно.

Жексенбі — воскресенье; **бүгін жексенбі** сегодня воскресенье; **ертең жексенбі** завтра воскресенье; **жексенбіде біз демаламыз** в воскресенье мы отдыхаем; **жексенбіге дейін мына жұмысты бітіруім керек** я должен/должна закончить эту работу до воскресенья; **жексенбіде досым екеуміз циркке барамыз** в воскресенье мы с другом идем в цирк.

Жеті — неделя; **бір жеті** одна неделя; **бір жетіден кейін** через неделю; **келесі жетіде театрға барамыз** на следующей неделе идем в театр.

Жұма — пятница; **бүгін жұма** сегодня пятница; **ертең жұма** завтра пятница; **жұма күні не істейсің?** что ты будешь делать в пятницу?; **жұма күні класспен саябаққа барамыз** в пятницу мы всем классом идем в парк.

Жыл — год; **Жаңа жыл** Новый год; **өткен жыл** прошлый год; **келесі жылы** в будущем году; **биылғы жылы** в этом году; **бір жылдан кейін** через год; **отызыншы жылдар** тридцатые годы; **оқу жылы басталды** начался учебный год; **мен Қой жылы тудым** я родился в год Овцы; ♦ **жылға жыл сәйкес емес** год на год не приходится; **жылдан жылға** год за годом; **жылдар өткен сайын** с годами; **жылын беру/өткізу/** делать поминки в годовщину смерти кого-либо.

Жылан жылы — год Змеи; **сен Жылан жылы тудың ба?** ты родился/родилась/ в год Змеи?

Жылқы жылы — год Лошади; **шешем Жылқы жылы туды** моя мама родилась в год Лошади.

Ит жылы — год Собаки; **әкем Ит жылы туған** отец родился в год Собаки.

Кез — момент, время; случай; **бір кезде** в одно время; **сол кезде** в тот момент; **аттанған кезде** в момент отъезда; **кез келгенде** при удобном случае.

Кезең — период; **алғашқы кезеңде** в начальный период.

Кейінірек — позже.

Келесі жолы — в другой раз.

Кеш — вечер; **кешкі сағат жетіде** в семь часов вечера; **кешке қарай** к вечеру; ♦ **қайырлы кеш!** добрый вечер!

Кеше — вчера; **кеше күндіз** вчера днем; **кеше кешке** вчера вечером **кеше біз кинода болдық** вчера мы были в кино; **кеше қаңтардың он тоғызы болды** вчера было девятнадцатое янва-

ря; кеше қайда болдың? вчерa где ты был/а/?; кеше мен үйде болдым вчерa я был/а/ дома; кеше күн жылы болды вчерa было тепло; ♦ кеше ғана без году неделя.

Кешке – вечером; сіз кешке қайда боласыз? где вы будете вечером?; кешке үйде боласың ба? вечером будешь дома?; кешке театрға барамын вечером иду в театр; кешке таман кел приходи под вечер; кешке күн суытады вечером похолодает; ♦ кешке жақын вечером, ближе к вечеру.

Кешкі – вечерний; кешкі уақыт вечернее время; кешкі жаңалықтар вечерние новости.

Кешкісін – вечером; кешкісін циркке барамыз вечером мы идем в цирк; кешкісін мектептің жанында кездесейік вечером встретимся у школы; кешкісін мен сені күтемін вечером я буду ждать тебя; кешкісін келіңіздер приходите, пожалуйста, вечером.

Күн – день; бір күн один день; екі/үш күн два/три дня; демалыс күн выходной день; бесінші күн пятый день; келесі күні на следующий день; бір күннен кейін через день; төрт күн өтті прошло четыре дня; бес күн қалды осталось пять дней; неше күн қалды? сколько осталось дней?; күннен күнге изо дня в день; күнге күн сәйкес емес день на день не приходится; ♦ күн сайын, күннен күнге день за днем; күні бойы целый день; күні санаулы дни сочтены; күні-түні днем и ночью.

Күндіз – днем; күндіз мен мектепте болдым днем я был/а/ в школе; күндіз не істейсің? что ты будешь делать днем?; күндіз кітапханаға барамын днем я пойду в библиотеку.

♦ Қашан болса да/кез келген уақытта/ – в любое время.

♦ Қашанғыға дейін /қай уаққа дейін/ – до каких пор.

Қой жылы – год Овцы; мен Қой жылы тудым я родился/родилась в год Овцы.

Қоян жылы – год Зайца; Қоян жылы туғандар родившиеся в год Зайца.

Мерзім – срок; қысқа мерзімге на короткий срок; бір жылдық мерзіммен сроком на один год; мерзімді ұзарту продлить срок; жұмысымды мерзімінде бітірдім работу я окончил/а/ в срок.

Мешін жылы – год Обезьяны; ол Мешін жылы туылды он/она/ родился/родилась/ в год Обезьяны.

Минут – минута; минуттар минуты; бір минут одна минута;

бес минут пять минут; **сағат бес минутсыз тоғыз** без пяти минут девять; **мені он минут күт** подожди меня десять минут; **мен жиырма минуттан кейін ораламын** я вернусь через двадцать минут; **неше минут өтті?** сколько минут прошло?; **жиырма бес минут өтті** прошло двадцать пять минут.

◆ **Осы бастан** — с этих пор, с этой поры.

◆ **Осы күнге дейін** — до настоящего времени/дня/.

◆ **Өткен қайтып келмес** — прошлого не вернуть.

Сағат — 1) часы; **қабырға сағаты** настенные часы; **қалта/қол сағаты** карманные/ручные часы; **сағат тілі** стрелка часов; **алтын сағат** золотые часы; **сағатым артта қалған** часы отстают; **сағатым тұрып қалды** мои часы идут; **сағатымды түзетіп беріңізші** почините, пожалуйста, мои часы; **сағатың бар ма?** у тебя есть часы?; **сағатым жоқ** у меня нет часов;

2) час; **бір сағат** один час; **кешкі сағат жетіде** вечером в семь часов; **сағат алтыдан он бес минут өтті** шесть часов пятнадцать минут; **сағат сегізге таяу келіңіз** приходите к восьми часам; **үш сағаттан кейін кел** приходи через три часа; **бір сағат бұрын келіңдер** приходите на час раньше.

Сағатты бұрау — заводить часы; **сағатты бұрадың ба?** ты завел/а/ часы?; **сағатты бұрадым** я завел/а / часы.

Сағат шеберханасы — часовая мастерская; **сағатымды сағат шеберханасына тапсырдым** я сдал/а/ часы в часовую мастерскую; **сағат шеберханасы Байтұрсынов көшесінде** часовая мастерская на улице Байтұрсынова.

◆ **Санаулы ғана күн қалды** — остались считанные дни.

Сәрсенбі — среда; **бүгін сәрсенбі** сегодня среда; **ертең сәрсенбі** завтра среда; **мен саған сәрсенбіде телефон соғамын** я позволю тебе в среду; **сәрсенбіден бастап спортпен шұғылданамын** со среды начну заниматься спортом.

Сейсенбі — вторник; **бүгін сейсенбі** сегодня вторник; **ертең сейсенбі** завтра вторник; **сейсенбіде тіс дәрігеріне баруым керек** во вторник я должен/должна/ пойти к стоматологу; **сейсенбіде атам келеді** во вторник приедет дедушка.

Секунд — секунда; **секундтер** секунды; **бір секунд** одна секунда; **он секунд** десять секунд; **бір минутта алпыс секунд бар** в одной минуте шестьдесят секунд; **он бес секунд қалды** осталось пятнадцать секунд; **неше секунд өтті?** сколько секунд прошло?; **қырық секунд өтті** прошло сорок секунд.

Сенбі — суббота; **бүгін сенбі** сегодня суббота; **ертең сенбі** завтра суббота; **сенбі** — демалыс күні суббота — выходной день; **сенбі күні менің інім мектепке бармайды** в субботу мой младший брат в школу не идет; **сенбіде біз жорыққа барамыз** в субботу мы идем в поход; **сенбіде кездесеміз** встретимся в субботу; **сенбі күні қайда боласың?** где ты будешь в субботу?
Сиыр жылы — год Коровы; **Сиыр жылы туғандар** родившиеся в год Коровы; мен **Сиыр жылы тудым** я родился/родилась/ в год Коровы.

◆ **Сол уақытта/сол кезде/** — в то время.

◆ **Соңғы кезде/кейінгі кезде, уақытта/** — в последнее время.

Тал түс — полдень; **шілденің ыссы тал түсі** жаркий июльский полдень; **тал түсте** в полдень.

Таң — утро, рассвет; **таң алдында** на рассвете; **таңсәріде** перед рассветом; **таң атты** рассвело; **жарық таң** ясное утро;

◆ **қайырлы таң!** доброе утро!

Таңғы — утренний; **таңғы уақытта** в утреннее время.

Таңертең — утро; утром; **таңертеңгі сегізде** в восемь часов утра; **таңертеңнен кешке дейін** с утра до вечера; **таңертең көлге барамыз** утром пойдем на озеро; **бүгін таңертең қар жауды** сегодня утром шел снег; **таңертең не істейміз?** что будем делать утром?

◆ **Тапа-тал түсте** — середь белого дня.

◆ **Тап сол кезде** — тем временем.

Тауық жылы — год Курицы; **сіз Тауық жылы тудыңыз ба?** вы родились в год Курицы?

Тәулік — сутки; **бір тәулік** одни сутки; **екі тәуліктен кейін** через двое суток; **бір тәулік бұрын** на одни сутки вперед; **бір тәулік бойы** сутками, **бір тәулікте жиырма төрт сағат** в сутках двадцать четыре часа.

Тоқсан — квартал; **бірінші/екінші тоқсан** первый/второй квартал; **үшінші тоқсанда** в третьем квартале; **үшінші тоқсанның басында** в начале третьего квартала; **бірінші тоқсанның аяғында** в конце первого квартала.

Түн — ночь; **қараңғы түн** темная ночь; **түн ортасы** глубокая ночь; **түнгі сағат үште** в три часа ночи; **түн ортасында мен ояндым** я проснулся/проснулась/ в середине ночи; **ол түнгі сағат екіде келді** он/она/ пришел/пришла/ в два часа ночи; **түн мезгілі** ночное время ◆ **түнде ұйқы, күндіз күлкі жоқ** ни сна, ни отдыха; **түн ұйқысын төрт бөлу** не находит себе места.

Түс — полдень; **түстен кейін** пополудни; **шаңқай түсте** в самый полдень; **түсте мен үйде боламын** в полдень я буду дома.

Түскі — обеденный; **түскі уақытта** в обеденное время; **түскі тамақ ішетін уақыт болды** наступило обеденное время; **түскі уақытта қай жерде боласың?** где ты будешь в обеденное время?

Тышқан жылы — год Крысы; **Тышқан жылы туғандар** родившиеся в год Крысы.

Тіл — стрелка; **сағат тілі** часовая стрелка; **сағат тілін жылжыту** перевести стрелку часов; **сағат тілін бір сағат алға жылжыттың ба?** ты перевел/а/ часовую стрелку на час вперед?

Уақыт — время; срок, момент; **күндізгі уақыт** дневное время; **түнгі уақытта** ночной порой; **ерте уақытта** с давних времен; **уақыт аз** времени мало; **уақытым жоқ** нет времени; **уақыт күтпейді** время не ждет; **уақытым өтіп кетті** время прошло; **уақыт қанша?** который час?; **бос уақытың бар ма?** у тебя найдется свободное время?; ♦ **уақыт бөлу** уделять время; **уақыты жетпей** раньше времени/срока/; **уақытын жоғалту** терять время; **уақыт кетіру** убивать время; **уақытты босқа жібермеу** ценить время; **уақыт қымбат** время дорого; **уақыт өткен сайын** с течением времени; **уақыт табу** находить время; **уақытша** до поры до времени.

Уақытында — вовремя; **ол уақытында келді он/она/** пришел/пришла/ вовремя; **уақытында келуіңізді сұраймын** прошу вас прийти вовремя; **жарайсың, уақытында келдің!** молодец пришел вовремя!

Ұйқы сағаты /тыныштық сағаты/ — тихий час.

Ұлу жылы — год Улитки; **әпкем Ұлу жылы туған** моя сестра родилась в год Улитки.

Ымырт — сумерки/вечерние/; **ымырт жабылған кезде** в сумерках; **ымырт жабыла бастады** надвигались сумерки.

Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки.

Адамды заманы билейді. — Время управляет поступками человека.

Жасы бір құрдас емес, заманы бір құрдас. — Не возраст сближает человека, а время.

Заманына қарай заңы, тоғайына қарай аңы. — По лесу звери, по времени законы.

Уақыт тас екеш тасты да тоздырады. — Время и камень точит.

Өткен күнді қуып жетпессің. — Вчерашний день и бегом не догонишь.

Әр нәрсе өз уақытымен қызықты. — Все интересно своим временем.

Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ. — Ничто не дальше вчерашнего дня, ничто не ближе завтрашнего дня.

Әр адам өз заманының баласы. — Все люди — дети своего времени.

Ештен кеш жақсы. — Лучше поздно, чем никогда.

Көп жасаған білмес, көпті көрген білер. — Знает не тот, кто долго жил, а тот, кто много видел.

46. САҒАТ ҚАНША? КОТОРЫЙ ЧАС?

9.00 — сағат тоғыз; сағат тоғыз болды; сағат тоғызда в девять часов.

10.00 — сағат он; сағат он болды; сағат онда в десять часов.

11.00 — сағат он бір; сағат он бір болды; он бірде в одиннадцать.

12.00 — сағат он екі; сағат он екі болды; он екіде в двенадцать.

13.00 — сағат он үш; сағат он үш болды; сағат күндізгі бір в час дня.

14.00 — сағат он төрт; сағат күндізгі екі; екіден кейін после двух.

15.00 — сағат он бес; сағат күндізгі үш; сағат үште в три часа; үште в три; үштен кейін после трех; сағат үшке дейін до трех часов.

16.00 — сағат он алты; сағат күндізгі төрт; сағат төртте в четыре часа, сағат төрттен кейін после четырех часов.

17.00 — сағат он жеті; сағат күндізгі бес; сағат бес пять часов; сағат бесте в пять часов; сағат беске дейін до пяти часов.

18.00 — сағат он сегіз; сағат күндізгі алты; сағат алты болды; сағат алтыда в шесть часов; сағат алтыдан кейін после шести часов.

19.00 — сағат он тоғыз; сағат кешкі жеті; сағат жеті болды;

- сағат жетіде в семь часов; сағат жетіге дейін до семи часов.
- 20.00 — сағат жиырма; кешкі сағат сегізде в восемь часов вечера; сағат сегізден кейін после восьми часов.
- 21.00 — сағат жиырма бір; кешкі сағат тоғызда в девять часов вечера; сағат тоғызға дейін до девяти часов.
- 22.00 — сағат түнгі он; сағат онда в десять часов; сағат оннан кейін после десяти часов.
- 23.00 — сағат түнгі он бір; сағат он бірде в одиннадцать часов; он бірден кейін после одиннадцати часов.
- 24.00 — сағат түнгі он екі; он екіден кейін после двенадцати часов.
- 1.00 — сағат түнгі бір; түнгі сағат бірде в час ночи.
- 2.00 — сағат түнгі екі; түнгі сағат екіде в два часа ночи.
- 3.00 — сағат түнгі үш; түнгі сағат үште в три часа ночи.
- 4.00 — сағат түнгі төрт; сағат түнгі төртте в четыре часа ночи; түнгі сағат төртке дейін до четырех часов ночи; түнгі сағат төрттен кейін после четырех часов ночи.
- 5.00 — таңғы сағат бес; таңғы сағат бесте в пять часов утра; таңғы сағат бестен кейін после пяти часов утра.
- 6.00 — таңғы сағат алты; таңғы сағат алтыда в шесть часов вечера; таңғы сағат алтыдан кейін после шести часов утра; таңғы сағат алтыдан бастап с шести часов утра.
- 7.00 — таңғы сағат жеті семь часов утра; сағат жетіден бастап с семи часов; таңғы сағат жетіден кейін после семи часов утра.
- 8.00 — таңертеңгі сағат сегіз восемь часов утра; таңертеңгі сағат сегізден бастап с восьми часов утра; таңертеңгі сағат сегізден кейін после восьми часов утра; таңертеңгі сағат сегізге дейін до восьми часов утра.
- 2.20 — екі сағат жиырма минут два часа двадцать минут; сағат екіден жиырма минут кетті от двух часов прошло двадцать минут.
- 2.30 — екі сағат отыз минут два часа тридцать минут; сағат екі жарым два часа тридцать минут.
- 8.40 — сегіз сағат қырық минут восемь часов сорок минут; сегізден қырық минут кетті от восьми прошло сорок минут; жиырма минутсыз тоғыз без двадцати девять; тоғызға жиырма минут қалды до девяти осталось двадцать минут.
- 10.50 — он сағат елу минут десять часов пятьдесят минут; оннан елу минут кетті от десяти прошло пятьдесят минут;

- он минутсыз он бір** без десяти минут одиннадцать; **он бірге он минут қалды** до одиннадцати осталось десять минут.
- 15.30** — **он бес сағат отыз минут** пятнадцать часов тридцать минут; **сағат он бес жарым** пятнадцать часов тридцать минут; **сағат күндізгі үш жарым** три часа тридцать минут; **сағат үштен отыз минут кетті** от трех прошло тридцать минут.
- 9.30** — **сағат тоғыз жарым** девять часов тридцать минут.
- 10.30** — **сағат он жарым** десять часов тридцать минут.
- 11.30** — **сағат он бір жарым** одиннадцать часов тридцать минут.
- 1.50** — **сағат он минутсыз екі** без десяти минут два часа; **сағат бірден елу минут кетті** от часа прошло пятьдесят минут.
- 10.25** — **он сағат жиырма бес минут** десять часов двадцать пять минут; **сағат оннан жиырма бес минут кетті** от десяти прошло двадцать пять минут; **он бірге 35/отыз бес/минут қалды** до одиннадцати часов осталось тридцать пять минут.
- 11.15** — **он бір сағат он бес минут** одиннадцать часов пятнадцать минут; **сағат он бірден он бес минут кетті** от одиннадцати прошло пятнадцать минут; **он екіге қырық бес минут қалды** до двенадцати осталось пятнадцать минут.

47. ТҮС. ЦВЕТ

Ақ — белый; **ақ гүл** белый цветок; **ақ қар** белый снег; **ақ сандырауқұлақ** белый гриб; **ақ тас** белый камень; **ақ балшық** белая глина; **ақ қайың** белая береза; **ақ аю** белый медведь; **ақ ат** белая лошадь; ♦ **ақ бата** благословление/*букв. белое пожелание*/; **ақжарқын** жизнерадостный/*о человеке*/; **ақжаулық** подруга жизни; **ақжауын** обложной дождь; **ақжүрек** душа нараспашку; **ақ киізге көтеру** короновать, провозгласить ханом; **ақкөңіл** добрый, отзывчивый, человек с большим сердцем; **аққұба** светлолицый, белокожий.

Ақсары — светло-желтый; **ақсары түсті пәлте** пальто светло-желтого цвета.

Ақшыл — светлый; **ақшыл көйлек** светлое платье; **ақшыл жейде** светлая рубашка.

Аппақ — совершенно белый; **аппақ ақжайма** белоснежная простыня; **көйлегі аппақ** изумительно белое платье.

Жасыл — зеленый; **жасыл жапырақ** зеленый лист; **жасыл жапырақтар** зеленая листва; **жасыл шөп** зеленая трава; **жасыл**

- бұтақ** зеленая ветка; **жасыл бұтақтар** зеленые ветки; **жасыл қарындаш** зеленый карандаш.
- Көгілдір** – голубой; **көгілдір аспан** голубое небо; **көгілдір экран** голубой экран.
- Көк** – синий; **көк аспан** синее небо; **көк бұлт** синее облако; **көк бұлттар** синие облака; **көк түс** синий цвет; ♦ **көйлегі көк, тамағы тоқ** как сыр в масле кататься; **көк ала қойдай қылу** живого места нет.
- Күлгін** – сиреневый; **күлгін түс** сиреневый цвет.
- Күңгірт** – темный; **күңгірт түсті көйлек** платье темного цвета; **күңгірт аспан** темное небо.
- Күрең** – темно-бурый/*о лошади*/; **күрең ат** темно-бурая лошадь.
- Қара** – черный; **қара тас** черный камень; **қара бұлт** черная туча; **қара аспан** свинцовое небо; **қара жер** черная земля; **қара қой** черная овца; ♦ **қара жерге отырғызу** сажать в лужу/калошу/; **қара күз** глубокая осень; **қара қылды қақ жарған** справедливый, честный; **қара шаңырақ** уважаемый и почитаемый дом.
- Қоңыр** – темный; **қоңыр ат** темная лошадь.
- Қызғылт** – розовый; **қызғылт көйлек** розовое платье.
- Қызыл** – красный; **қызыл гүл** красный цветок; **қызыл көйлек** красное платье; **қызыл көбелектер** красные бабочки; **қызыл алма** красное яблоко; **қызыл сәбіз** красная морковь; ♦ **қызыл шұнақ аяз мороз** – красный нос.
- Сарғыш** – желтоватый; **сарғыш перде** желтоватые занавески; **сарғыш кітап** желтоватая книга.
- Сары** – желтый; **сары жапырақ** желтый лист; **сары жапырақтар** желтые листья; **сары асқабақ** желтая тыква; **сары гүлдер** желтые цветы; **сары қызғалдақтар** желтые тюльпаны; **сары өрік** желтый урюк; **сары сәбіз** желтая морковь; ♦ **сары уайымға салыну** сильно переживать, впадать в уныние.
- Сұр** – серый; **сұр жейде** серая рубашка.

48. ӨСІМДІК ӘЛЕМІ. РАСТИТЕЛЬНЫЙ МИР

Ағаш — дерево; **ағаштар** деревья; **биік ағаш** высокое дерево; **ағашқа су құю** поливать дерево; **ағаш көп** много деревьев; **бауларында қандай ағаштар бар?** какие деревья растут в вашем саду?

Ағашты — лесистый; **ағашты жер** лесистая местность.

Алма — 1) яблоня; **алма ағашы гүлдеп тұр** яблоня в цвету; **алма бағы** яблоневый сад;

2) яблоко/*плод*/; **қызыл алма** красное яблоко; **екі/үш алма** два/три яблока.

Алмұрт — 1) груша/*дерево*/; **бағымызда алмұрт ағашы бар** в нашем саду растет груша;

2)/*плод*/; **тәтті алмұрт** сладкая груша.

Алхоры — слива; **піскен алхоры** спелая слива.

Ананас — ананас; **шырынды ананас** сочный ананас.

Арамшөп — сорняк; **арамшөптер** сорняки; **арамшөптерді жою/болдырмау/** борьба с сорняками.

Арпа — ячмень; **арпа пісті** ячмень созрел.

Арша — можжевельник; **арша ағашы** можжевельниковый куст.

Бадам — миндаль; **бадам ерте көктемде гүлдейді** миндаль цветет ранней весной.

Бақ — сад; **алма бағы** яблоневый сад; **бағымызда алма, өрік, шие ағаштары бар** в нашем саду растут яблони, урюк, вишни.

Бақбақ — одуванчик; **бақбақтың түкті тұқымы** желмен тарайды пушистые семена одуванчика разносятся ветром.

Баклажан — баклажан; **баклажандар** баклажаны; **піскен баклажандар** спелые баклажаны.

Бал қарағай/самырсын/ — кедр; **бал қарағайлар** кедр; **сібір бал қарағайы** сибирский кедр.

Банан — банан; **банандар** бананы; **банан бағы** банановая роща.

Бау — сад; **жеміс бауы** фруктовый сад; **бау егу** разводить сад; **алма бауы** яблоневый сад; **біз бауға бардық** мы ходили в сад.

Ботакөз — незабудка; **ботакөз** — ұсақ көк гүлді өсімдік незабудка — растение с мелкими синими цветками.

Бәйшешек — подснежник; **бәйшешек гүлдері** цветы подснежника.

Бидай — пшеница; **жаздық бидай** яровая пшеница; **күздік бидай** озимая пшеница; **бидай пісті** пшеница созрела.

Бұршақ — горох; **көк бұршақ** зеленый горох; **хош иісті бұршақ** душистый горошек.

Бұта — куст; **көгіс бұтасы** куст сирени; **құс бұтаға қонып отырды** птица села на куст.

Бұтақ — ветка; **бұтақтар** ветки; **қарағайдың бұтағы** ветка сосны; **құс бұтақта отыр** птица сидит на ветке.

Бүлдірген — брусника; **бүлдірген теру** собирать бруснику.

Бүршік — почка; **ағаштар бүршіктей бастапты** на деревьях набухают почки.

Гүл — цветок; **гүлдер** цветы; **әдемі гүл** красивый цветок; **қандай нәзік гүлдер!** какие нежные цветы!

Гүлдену — цвести; **алма ағашы гүлденіп келеді** яблоня цветет.

Гүлдеу — расцветать.

Долана — боярышник; **кептірілген долана** сушеная боярка; **долана бұтағы** куст боярышника.

Дің — ствол; **ағаштың діңі** ствол дерева.

Емен — дуб; **емендер** дубы; **емен** — жалпақ жапырақты ағаш дуб — дерево с широкими листьями; **емен қатты болады** дуб — крепкое дерево.

Жаңғақ — орех; **орман жаңғағы** лесной орех; **грек жаңғағы** грецкий орех; **жаңғақ ағашы** ореховое дерево; **жаңғақ ағашынан жасалған үстел** стол из ореха.

Жапырақ — лист/*о дереве, растении/*; **жапырақтар** листья; **қайыңның жапырағы** лист березы; **сары жапырақ** желтый лист; **сары жапырақтар** желтые листья; **қураған жапырақтар** сухие листья; **ағаштардың жапырағы түсе бастады** листья с деревьев начинают опадать.

Жеміс — фрукты; плод; **фруктовый**; **жеміс ағашы** фруктовое дерево; **жеуге жарамды жемістер** съедобные плоды; **жаңа піскен жемістер** свежие фрукты; **кептірілген жемістер** сушеные фрукты; **қантталған жемістер** засахаренные фрукты; **жеміс бағы** фруктовый сад; **жеміс шырындары** фруктовые соки.

Жоңышқа — клевер; **көк жоңышқа** зеленый клевер.

Жөке — липа; **жөкені гүл басты** липа в цвету.

Жүгері — кукуруза; **жүгерінің собығы** початок кукурузы.

Жүзім — виноград; **жабайы жүзім** дикий виноград; **жүзім жинау** сбор винограда.

Зығыр — лен; **жабайы зығыр** дикий лен.

Көкөніс — зелень; **көкөніс сату** продажа зелени; **көкөніспен қоректену** питаться зелено.

Көкбас — василек; **көкбас егін арасында өседі** васильки растут в поле.

Көкнәр — мак; **жабайы көкнәр** дикий мак; **көкнәр ұрығы** семена мака.

Көктерек — осина; **көктеректер** осины; **көктеректің жапырақтары** листья осины.

Күнбағыс — подсолнечник; **күнбағыс майы** подсолнечное масло.

Күріш — рис; **ақ күріш** белый рис; **күріштің ең жақсы сорты** самый лучший сорт риса.

Қабық — кора; **кожура**; **тал қабығы** ивовая кора; **қарағай қабығы** кора сосны; **қайыңның қабығы** ақ у березы белая кора; **ағаштың қабығы сыдырылған** с дерева содрана кора; **қарбыздың қабығы** кожура арбуза; **алманың қабығын шелекке таста** кожуру от яблок брось в ведро.

Қайың — береза; **ақ қайың** белая береза; **ақ қайындар** белые березы; **қайыңның жапырақтары** листья березы.

Қалампыр — гвоздика; **қалампыр майы** гвоздичное масло.

Қара бидай — рожь; **күздік қара бидай** озимая рожь; **қара бидай егісі** ржаное поле; **қара бидай ұны** ржаная мука; **қара бидай наны** ржаной хлеб.

Қарағай — сосна; **қарағайлар** сосны; **қарағай бүрлері** сосновые шишки.

Қараған — акация; **ақ қараған** белая акация; **сары қараған** желтая акация; **хош иісті қараған** душистая акация.

Қара жидек — черника; **қара жидек ағашы** куст черники; **қара жидек теру** собирать чернику; **қара жидек киселі** черничный кисель.

Қарақат — смородина; **қара қарақат** черная смородина; **қызыл қарақат** красная смородина; **қарақат бұтасы** куст смородины; **қарақат қайнатпасы** варенье из смородины.

Қарбыз — арбуз; **піскен қарбыз** спелый арбуз; **қарбыздың шопағы** семена арбуза; **қарбыздың қабығы** арбузная корка; **бір қарбыз** один арбуз; **үлкен қарбыз** большой арбуз.

Қарлыған — крыжовник; **қарлыған қайнатпасы** варенье из крыжовника.

Қауын — дыня; **піскен қауын** спелая дыня; **кәмек қауын** неспелая дыня; **сары қауын** желтая дыня; **бір қауын** одна

- дыня; **екі қауын** две дыни; **қауын пісті** дыни созрели.
- Қияр** — огурец; **көк қияр** зеленый огурец; **қияр тұқымы** огуречные семена; **қияр пісті** огурцы созрели.
- Қой бүлдірген** — земляника; **қой бүлдірген шоғы** куст земляники; **қой бүлдірген қайнатпасы** земляничное варенье.
- Қоңыраубас** — колокольчик.
- Құлпынай** — клубника; **құлпынай қайнатпасы** клубничное варенье.
- Қызғалдақ/сарғалдақ/** — тюльпан; **қызғалдақтар** тюльпаны.
- Қызылша** — свекла; **қант қызылшасы** сахарная свекла; **жемдік қызылша** кормовая свекла.
- Қызыл шие** — черешня; **қызыл шие қайнатпасы** варенье из черешни.
- Лимон** — лимон; **лимондар** лимоны; **сары лимон** желтый лимон.
- Мандарин** — мандарин; **мандариндер** мандарины; **жаңа піскен мандарин** свежие мандарины.
- Мойыл** — черемуха; **мойыл гүлі** цветы черемухи.
- Мүк жидегі** — клюква; **мүк жидек киселі** клюквенный кисель.
- Орман** — лес; лесной; **қалың орман** густой лес; **қылқанды орман** хвойный лес; **орманға бару** ходить в лес; **орман жаңғағы** лесной орех; **орман құсы** лесная птица; **орман ағаштары** лесные деревья; **ормандағыдай** как в лесу; **біреу орманға, біреу отынға** кто в лес, кто по дрова; **қасқырдан қорыққан** — **орманға бармас** волков бояться — в лес не ходить.
- Өсу** — расти; **ағаш тез өседі** дерево растет быстро; **бақта алма ағаштары өседі** в саду растут яблони.
- Өсімдік** — растение; растительность, растительный; **Қазақстан өсімдігі** растительность Казахстана; **бір жылдық өсімдік** однолетнее растение; **көп жылдық өсімдік** многолетнее растение; **шырмалып өсетін өсімдік** вьющееся растение; **өсімдік әлемі** растительный мир; **өсімдік майы** растительное масло; **өсімдіктен жасалған тамақ** растительная пища.
- Пальма** — пальма; **биік пальма** высокая пальма; **үш пальма** три пальмы; **пальмалар** пальмы.
- Піскен** — спелый, зрелый; **піскен қауын** спелая дыня; **піскен алмалар** спелые яблоки; **піскен қарбыз** спелый арбуз; **піскен емес** неспелый.
- Пісу** — созреть, спеть; **қауын пісті** дыня созрела; **қарбыз пісті** арбуз созрел; **алмалар пісті** яблоки созрели.
- Пішен** — сено; **пішен шабу машинасы** сенокосилка; **пішен шабу мезгілі** время сенокоса.

Раушан гүл — роза; **бір түп раушан гүл** розовый куст; **мен раушан гүлді ұнатамын** мне нравятся розы.

Сабақ — стебель; **сабақтар** стебли; **ұзын сабақ** длинный стебель; **гүл сабағы** стебель цветка; **жіңішке сабақ** тонкий стебель.

Самырсын — кедр.

Саңырауқұлақ — гриб; **саңырауқұлақтар** грибы; **ақ саңырауқұлақ** белый гриб; **саңырауқұлақты жер** грибное место.

Сұлы — овес; **сұлы масағы** овсяной колос; **сұлы егістігі** овсяное поле; **сұлы жармасы** овсяная крупа.

Тал — ива; **сәмбі тал** плакучая ива; **тал жапырақтары** ивовые листья.

Талшын — каштан; **талшынды шоқ тоғай** каштановая роща.

Тамыр — корень; **тамырлар** корни; **ұзын/қысқа тамыр** длинный/короткий корень; **ағаштың тамыры** корень дерева; **гүлдің тамыры** корень цветка; **емен тамырын жерге терең жіберді** дуб глубоко пустил корни в землю.

Таңқурай — малина; **таңқурай қайнатпасы** малиновое варенье.

Тары — просо; **тарының сабаны** просяная солома.

Терек — тополь; **теректер** тополя; **ақ терек** белый тополь; **теректі тоғай** тополиная роща.

Тұрып — редька; **тұрып тамыры** корень редьки; **қара тұрып** черная редька; **көк тұрып** зеленая редька.

Түбір, түп — 1) корень/растения/; **еменнің түбі** корень дуба;
2) куст; **бір түп қарақат** один куст смородины;
3) около, под, возле; **ағаштың түбінде** под деревом; **талдың түбінде** под ивой; **еменнің түбінде** под дубом.

Үйеңкі — клен; **үйеңкі жапырағы** кленовый лист.

Шабдалы — персик; **тәтті шабдалы** сладкий персик; **екі/үш шабдалы** два/три персика; **піскен шабдалы** спелый персик.

Шалғам — редиска; **жас шалғам** молодая редиска.

Шетен — ясень; **шетен аллеясы** ясеневая аллея.

Шешек ату — цвести; цветение; **распускаться/о цветах/**; **гүлдер шешек атты** цветы распустились; **шешек ату кезеңі** период цветения.

Шөп — трава; **көк шөп** зеленая трава; **бір жылдық шөптер** однолетние травы; **көп жылдық шөптер** многолетние травы; **дәрілік шөптер** лекарственные травы; **арамшөп** сорная трава; **шөп шабу** косить траву; **шөп басын сындырмау** палец о палец не ударить.

Шырша — ель; көк шырша зеленая ель; тау шыршасы горные ели; шырша бұтақтары ветки ели; шыршаның бүршігі еловые шишки; жаңа жыл шыршасы новогодняя елка.

49. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ. ЖИВОТНЫЙ МИР

- Айғыр** — жеребец; айғыр азынайды жеребец ржет.
Алабұға — окунь.
Аула — акула; аула — жыртқыш балық акула — хищная рыба.
Аққу — лебедь; аққулар лебеди; аққу мамығы лебязий пух.
Аққутан — аист; аққутандар аисты; аққутанның балапаны аистенок.
Аң — зверь; аңдар звери; жыртқыш аң хищный зверь; екі аң два зверя; аңды атып өлтіру убить зверя; аңға жақындау подойти к зверю; аң көп много зверей.
Аң терісі — мех; түлкі терісі лисий мех.
Апан — берлога; апан жанында тұр стоит у берлоги; апаннан шықты вышел из берлоги; аю апанына жатты медведь залег в берлоге.
Ара — пчела; аралар пчелы; аралар ызылдайды пчелы жужжат; жұмысшы ара рабочая пчела; ара ұясы пчелиный улей; ара үйірі пчелиный рой; ара балы пчелиный мед.
Арғымақ — чистокровная породистая лошадь.
Аруана — чистокровная породистая верблюдица.
Арыстан — лев; арыстан ақырады лев рычит; арыстанның күшігі львеноч; арыстан — аң патшасы лев — царь зверей.
Асыл тұқымды — породистый; асыл тұқымды жылқы породистая лошадь.
Ат — конь; жуас ат смирный конь; жақсы ат ретивый конь;
♦ ат — адамның қанаты конь — крылья человека.
Аю — медведь; ақ аю белый медведь; қоңыр аю бурый медведь; аюдың табаны медвежья лапа; аюдың үңгірі медвежья берлога.
Аяқ — нога, лапа; аяғымен ұрып жіберді ударил лапой;
♦ аяғының желі бар ат конь, годный для скачек.
Әтеш/қораз/ — петух; әтеш шақырады петух кукарекает; қораз аулада петух во дворе; әтеш шақырумен бірге тұру встать с петухами.

Бабыр — гепард; **бабырдың баласы** детеныш гепарда.
Бақа/құрбақа/— лягушка; **бақалар, құрбақалар** лягушки;
құрбақа құрылдайды лягушка квакает; **бақаның бақылдауы**
 кваканье лягушек; **орман бақасы** древесная лягушка.
Балық — рыба; **балық аулау** ловить рыбу; **қызыл балық** красная
 рыба.
Бие — кобыла; **биенің сүті** кобылье молоко.
Бозторғай — жаворонок; **бозторғай көктемде ұшып келеді**
 жаворонок прилетает весной.
Бота/ботақан/— верблюжонок; **ботақаным қайда?** где мой
 верблюжонок?
Бұзау — теленок; ♦ **сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды** млад-
 шие не уступают старшим.
Бұғы — олень; **солтүстік бұғысы** северный олень; **бұғымен**
жүру езда на оленях; **бұғы мүйізі** оленьи рога; **бұғының**
үйірі оленье стадо.
Бұқа — бык; **колхоздың бұқасы** колхозный бык.
Бұлбұл — соловей; **бұлбұл сайрайды** соловей поет.
Бұлғын — соболь; **бұлғын терісі** соболиный мех.
Бүркіт — беркут; **бүркіт шаңқылдайды** беркут клокочет; **бүр-**
